



№12 (162), 2021
(Желтоқсан-Декабрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Қ. ЖАРЫҚБАЕВ

Ы. Алтынсариннің (1841-1889) психологиялық
көзқарастары.....3

Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА, Қ.Ш. МОЛДАСАН, Б.А. ӘРІНОВА

Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудегі Мағжан Жұмабаев
шығармаларының мәні.....7

А.К. МЫҢБАЕВА, Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА, Қ.Ш. МОЛДАСАН

Мәшһүр-Жүсіптің рухани-адамгершілік тәрбие туралы
идеялары.....11

Д. КУБЕСОВА

Заманауи педагогикалық технологиялар және инклюзивті
оқыту – өмір қауіпсіздігі.....15

А. ӘБДИ

Жасөспірімдердің интернет-аддикцияға бейімделу белгілері
мен механизмдері.....19

А. САРКЕНАЕВА

Жасөспірімдердің мазасыздану ерекшеліктері.....23

А. КУАНЫШБАЕВА

Болашақ мамандардың өзін-өзі өзектендіру
мәселелері.....26

Г. НАМАЗБАЕВА

Жазғы демалыс лагерлеріндегі әлеуметтік педагогтың
жұмыс бағыттары.....29

Ж. РАШЕВА

Арт-терапия және шығармашылық технологиялар.....33

А. НАУАН

Денешынықтыру сабағының оқушылар психологиясына
оң әсері.....36

Г. КЕНЖЕБЕКОВА

Формирование функциональной грамотности младших
школьников в процессе изучения предметов
начальной школы.....39

Ж. КУРМАЛАКОВА

Колледж студенттерінің цифрлық дағдыларын
жетілдіру.....41

Ш. АНУАРБЕКОВА

Оқушыларға мамандық таңдауға арналған психологиялық
сабақ.....45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды
06. 12. 2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел :

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

О. Саңғылбаев – психол. ғ.д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ.д.,
проф. (Алматы, «Қайнар»
Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ.к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ.д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф.
(Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Учредитель:
ООО «Педагог LTD»

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 06. 12. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Адрес редакции: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
Моб. т. : 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Ы. Алтынсариннің (1841-1889) психологиялық көзқарастары

(туылғанына 180 жыл толуына орай)

Қ. ЖАРЫҚБАЕВ

Ыбырай Алтынсарин де Шоқан сияқты арнаулы психологиялық еңбектер жазып қалдырмаған, әйтсе де оның сан алуан сыйға толы шығармаларынан (оқу құралдары, хаттары мен жазбалары, т.б.) қоғамдық және педагогикалық психология мәселелеріне орайлас айтылған көптеген қызықты деректер табылады. Бұл пікірлер оның өзі айналысқан практикалық істерінен туындаған сияқты. Ой қозғаған осындай түйіндерге: бала және оны тәрбиелеу жолдары, оқыту процесінің психологиялық, педагогикалық негіздері, мұғалім-ұстаз проблемалары, қоғамдық психология мәселелері, т.б. жатқызуға болады.

Ы. Алтынсарин өз «Хрестоматиясында» жасөспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеді. Көшпелі қазақ баласының айналасын дұрыс қабылдай алуы, осыған орай оның байқағыштық қасиеттерін арттыру, жетілдіру мақсатын көздеп, **«Хрестоматияға»** үнді ертегісінен мынадай бір тамаша үзінді берген: «Біреу ағашқа іліп қойған етін ұрлатып алып, айналасына жар салады. «Аласа бойлы, қолында қысқа мылтығы бар, соңында тарақ құйрық кішкентай иті бар, бір қарт адам көрдіңіз бе?» - деп. Бұл кісіні әркім көрген екен, сілтеумен барып тауып, ұрысын ұстапты-мыс. Ауылдас адамдары үндіден: «Ұрының түсі-түгін қайдан білдіңіз?» - деп сұрапты. Сонда үнді айтыпты дейді: - Ұрының, аласа бойлы екенін білгенім, менің қолыммен ілген етімді, ол ағаштың астына тас қойып, соның үстіне шығып алыпты. Қарт екенін білгенім, жүргендегі ізінен байқадым – адымының арасы тым жақын екен. Мылтығының, қысқа екенін: етімді ұрларда, мылтығын ағашқа сүйеп қойған екен, сонда мылтықтың, аузы ағаштың кішкене қабығын жырып кетіпті, жер мен сол жырылған қабықтың арасынан шамаладым. Ұрының қасында иті бар екенін және ол иттің әрі кішкентай, құйрығы тарақ құйрық екенін білгенім етімді ұрлап жатқанда, ит анадай бір құмайтырақ жерде отырған екен, соның құмға түсіп қалған ізінен және бұлғаңдатқан құйрығының табынан байқадым депті-міс».

Ыбырай Алтынсарин осы үзіндіде байқағыш болудың адам өмірінде, оның дүниетануында қаншама маңыз алатынын, тіпті мұндай қасиет білімі жоқ, бірақ өмір тәжірибесі мол адамдардың басында да біртіндеп қалыптасатынын сөз етеді де, шәкірттерді, өмірді жан-жақты зерттеп білуге, түймедейден түйедейді таба білетін ізденімпаз, зерделі болуға меңзейді.

Психология ғылымы – адам өмірінде әр түрлі әдеттің алатын орны

ерекше екендігін, істеген істің жүріс-тұрыстың, демалыстың, яғни өмірдің сан алуан саласының қай-қайсысы да біртіндеп ұнамды, не ұнамсыз әдетке айналып отыратындығын, бірақ әдеттің де әдеті бар, яғни адамда жарамды жақсы әдеттермен қатар жарамсыз, жаман әдеттер де болатындығын ескертеді.

Мәселен, салақтық – жаман әдет, одан тәнге де, жанға да пайда жоқ. Осы орайда Ы. Алтынсариннің «Салақтық» атты әңгімесі жарамсыз әдеттің адамға зиянды екендігін жақсы көрсетеді. Кәрім деген жас жігіт жұмысқа ыждағатты болғанмен жуынып, таза жүруді білмейді. Ақыры сол тазалыққа бейғамдығының кесірінен ауырып, қайтыс болады.

Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі-бәрі де балалардың жас ерекшеліктеріне орай, тілі жеңіл, мазмұны тартымдылардың жан-дүниесіне әсер етерліктей етіп іріктелініп алынған. Осы әңгімелерде мұғалімдер мен ата-аналардың балаларды әр түрлі ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ы. Алтынсарин көтерген психологиялық мәнді мәселелердің енді бір тобы оның әдістемелік пікірлерімен астарласып жатады. Ыбырай – жақсы тәрбиеші ғана емес, ол сонымен бірге тәжірибелі, ой-пікірі озық мұғалім де еді. Ы. Алтынсариннің «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бас-тауыш құралында» көптеген қызықты психологиялық пікірлер бар. Осы айтылғанға орай ол бірде былай деп жазды: «Әуелі оларға (шәкірттерге – автор) зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін, содан кейін заттың сынын көрсететін сын есімді үйретемін. Осылардан кейін зат есімді олардың сынымен қосып «ақ адам» деген сияқты сөйлемдерді құрып үйретемін». Екінші бір жерде ол: «Қазақ балаларына орысша кітаптарды оқытуға, оқығандарын түсіндіріп отыруға кіріспей тұрып олардың жеке сөздерді болсын және негізгі грамматикалық ережелерді болсын түсіну үшін бірқатар жүйелі әзірліктен өткізу керек болды. Мұндай алдын ала әзірлік жасалмаса, оқушылардың түсінігі тым шалағай болып шығады... ешбір грамматикалық ереже жайында белгілі бір түсінік алуға оқушылардың шамасы келмей қалады, көпке дейін «она» деген сөздің «он» деп, «иду» деген сөздің орнына «шел» деп, тағы солар сияқты қателер жасап жүретін болады».

Ғұлама педагогтың осы ойларында қаншама тамаша психологиялық түйіндер жатыр. Ол шәкірттердің білімді жай жаттап алып, үстірт меңгермей миға тоқып, санасынан өткізіп, әрбір сөздің мәніне терең, байлап түсінуін талап етті. Ол мұғалімдерге барлық пәнді осылайша жүргізудің қажеттігін, яғни К. Д. Ушинскийдің тілімен айтқанда, оқу жүйесіне барлық сезім мүшелерін (көз, құлақ, иіс, т.б.) қатыстырып, оқушылардың қызығу белсенділігін арттыра берудің ерекше маңыз алатындығын ескертті. Ол сондай-ақ қазақ балаларының өзіндік кейбір ұлттық ерекшеліктерін көрсете келіп, осы жайтты де оқыту – тәрбие ісінде мұғалімдердің үнемі ескеріп отыруын қажет деп санады. Мәселен, оның өзі қазақ балалары үшін «Хрестоматия» құрастырғанда осы жағдайды қатты ескергені байқалады. «Қатаң тұрмыста өскен қазақтарға, - деп жазды ол, - мәндірек

әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балаларының оқығысы келмейтінін, оқыса күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы жібек құртының көбелектерінің өзгерулері, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады».

Алтынсариннің қазақ балаларына орыс тілін үйрету жөнінде айтқан пікірлерінің қазіргі күн талабымен ұштасып жатқан жерлерін ерекше атап өткен абзал. Мәселен, ол шәкірттердің, алдымен орысша ауыз екі сөйлесуін дамытуды саластырып, бұл үшін арнаулы дайындық сабақтарын өткізу қажет дейді. Оның осы пікірлерінде де қазақ балаларының психологиялық ерекшеліктерімен санаспайынша, яғни екінші тілді үйрету үшін оларға арнаулы жағдай жасамайынша, оқыту ісі қиынға соғады деген тамаша идея жатыр. Қазақ мектептеріндегі орыс тілін оқытуда соңғы жылдарға дейін Ы. Алтынсарин ұсынған осы ұсыныстар ескерілмей келгені бізді қынжылтады.

Ы. Алтынсариннің, тәрбиеші ұстаз, мұғалімдік өнер жөніндегі айтқандарында психологиялық түйіндер аз емес.

Ол оқу-тәрбие процесіндегі мұғалім рөліне айрықша маңыз береді, мектеп ісінің сан-саласындағы жетістіктерді мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, беделі мен өз жұмысын жан-тәнімен сүйе білуіне байланысты деп түсінді. «...Қазақ мектептерінің бар келешегі, - деп жазды ол, - көбінесе істің қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін». Ол, әсіресе, Торғай облысында өзі инспектор болған жылдарында (1879-1889) мұғалім проблемасына, оның жеке тәлімгерлік қасиеттеріне ерекше көңіл бөлген еді. Ы. Алтынсарин мұғалімдердің оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға, олардың «педагогикалық және оқытушылық» тәсілдерді меңгеру қажеттігін баса айтты. Ол мұғалімдердің алдына мынадай міндеттер қойды: нағыз мұғалім болу үшін шәкірттердің өзіндік ерекшеліктерімен мықты санасу қажет, ол үшін педагогикалық әдебиеттерді үнемі оқып, қадағалап отырмаса болмайды. Мұғалімге аса сезімтал, бала жанын жазбай танитын адам болу қажет екенін айта келіп, ол оқу-тәрбие саласында ізденбейтін мұғалімдерге қатты ренжиді. «Мұндайлар, - деп жазды ол, - оқушыларды адастырады, сонан кейін қойылған сұраққа оқушылардың жауап бере білмегеніне ренжіп, өздері де ашулана бастайды, тіпті оқушыларға өшігуге дейін барады. Содан кейін оқушыларды бұрынғыдан да адастырады, мүлде шатастырып, оларды тіпті ешбір жауап бере алмайтын халге жеткізеді», - дей келіп, сабақ беру методикасы төмен мұғалімдерді ол «баламен түсінісе алуға шорқақ, дарыны жоқ адам», - деп сипаттайды. «Оқытушыларды бағалағанда, - деп жазды Ы. Алтынсарин, - олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау қажет».

Тәлім-тәрбие, оқыту ісінің, нәтижесі шәкірттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді. Кінәның ең үлкені – бала жанының нәзік қылдарын дұрыс сезе алмайтындарында. «Оқушылардың түсінбеушілігін оқытушылардың өз кінәсы деп білмей, оқушылардың зер салмайтындығынан немесе топастығынан», - деп білетін оқытушылардың қатты адасатыны айтпай-ақ түсінікті», - дей келіп, ұлы ағартушы мұғалімнің жадына мына жайтты мықтап шегелейді! «Ол кіммен істес болып отырғанын, еш уақытта да ұмытпауы керек... егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлеуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, екі ұшты астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек». Алтынсариннің тәрбиеші ұстаздың жеке басы туралы айтқан пікірлерінің негізгі арқауы – тәлімгерлік жұмыс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол ұстаздан өте сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті, оның жанын жазбай тануды қажет етеді. Шәкірттерді сүйе білген оқытушы ғана қатаң талапты, әрі өнегелі, беделді тәрбиеші бола алады. Оның қазақ елінің жағдайында айтқан осындай тамаша ой-пікірлеріне ерекше сүйсінесің. Профессор Т. Тәжібаевтың Алтынсаринді «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері» деген бағасының тайға таңба басқандай, әділ баға екендігін еш шүбә келтірмейсің. Өйткені басқа пікірлерін былай қойғанның өзінде, ардагер педагогымыздың мұғалім жөнінде айтқан осы пікірлерінің өзі-ақ оны осылай деп атауға толық болатындығын айттырмай дәлелдейді.

Ыбырай Алтынсарин өз халқының жарқын келешегі үшін бар саналы өмірін сарп еткен, халыққа қызмет етуден артық іс жоқ деп түйген, туған халқын, ел-жұртын шексіз сүйген, нағыз отаншыл азамат еді. Сондықтан да оның көптеген шығармаларында қазақ халқының өзіндік психологиялық қасиеттері, салт-санасы, әдет-ғұрпы жайлы айтқандары ерекше назар аудартады.

Алтынсарин қазақ халқының аса малсақ, сонымен бірге мал бағу өнеріне аса жетік халық екенін айта келіп, оның ақыл-ой парасаты да жоғары және ежелгі мәдениеті бар ел екенін талай рет атап өтеді: «Қазақтарға, - деп жазды ол, - осы дарынды, ақыл-есі мол халыққа қазір кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін бағыт беру, қалай дегенмен аса қажет болып отыр».

Ыбырай қалың бұқараны, қазақ еңбекшілерін зор қадір тұтып, сыйлаушы еді. Ол осы бір қарапайым жандардың еңбексүйгіштігін, адалдығы мен шыншылдығын, жинақылығы мен ақ ниеттілігін ерекше риза көңілмен, үлкен мақтаныш сезіммен: «Осы қарапайым, ақ көңіл, ал кейде текті қызықты адамдармен әңгімелесіп, көңілді көтересің», - деп жазды.

Сол кездің өзінде-ақ Ыбырай халқымыз туралы бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі көзқарасының бар екендігін жақсы түсінді. Ол кейбір менменсіген орыс миссионерлерінің қазақ халқын кем тұтып, оған тілін тигізіп: «қазақ төтек, қазақ қанішер халық» деген пасық ниетті оңбаған пиғылдарына бар ашу-ызасымен аяусыз соққы беріп, өз халқының

ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұрасын, тамаша психологиясын мақтаныш етті. «Бізді, - деп жазды ол, - өзгелер табиғатынан ақылды, іскер халық деп ойлайды. Осының шындығын іс жүзінде көрсетуіміз керек... Қазақ – табиғатынан ақынжанды, дарынды халық», - деп жазды Ы. Алтынсарин «Орынбор листогы» газетіне жазған бір мақаласында.

Тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудегі Мағжан Жұмабаев шығармаларының мәні

**Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,
Қ.Ш. МОЛДАСАН,
Б.А. ӘРІНОВА**

**Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Ғылым комитеті (Грант № AP08856223) қаржыландырды.**

Түйіндеме

Мақалада еліміздің өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын, ұлтын сүйетін, парасатты, білімді тұлғаны тәрбиелеудегі Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеяларының тәрбиелік мәні айтылады.

Кілт сөздер: ұлттық идея, ұлттық мүдде, ізгілік, ұлттық сезім, ұлттық тәрбие.

Summary

The article discusses the educational value of Magzhan Zhumabayev's pedagogical ideas in educating a loving, educated, intelligent, and educated personality, which is the key driver of prosperity in the country.

Keywords: national idea, national interests, goodness, national feeling, national upbringing.

(Мақала «Тұлғаның рухани-адамгершілік сапаларын дамыту мен өзін-өзі дамытуының синергетикалық негіздері және эвтагогика» атты гранттық жобасы аясында қарастырылды).

Мемлекеттің мәдени өркендеуі, дамуы тек білім беру жүйесі негізінде жүзеге асады. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жеке тұлғаны әлеуметтендіру үрдісіне, болашақ ұрпақтың өмірінің едәуір әсер етуде. Сондықтан бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру мен тәрбиелеудің өзіндік моделін іздестіру, заман талабына сай білім мазмұнын жаңартуға назар аударылуда. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде, жаңаша ой-пікір мен педагогикалық көзқарастардың қалыптасу белесінде, ғылымның

ауқымдылығы кеңейіп, оларды зерттеу жан-жақты толығы түсуде.

Осы міндет-мақсатты жүзеге асыруда бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени жаңаруы жоғары білім беру жүйесінде тұлғаны тәрбиелеуге ерекше талаптар қойып отыр. Білім алушыларға қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтар барысында тәрбиелеу мәселесі талап етілуде. Жоғары білім беру жүйесінде оқыту үдерісінде ұлттық құндылықтарға сай гуманитарлық пәндерді оқытудың тәрбиелік міндетін айқындауға назар аударылып отыр.

Қазіргі өзгермелі дүниеде студенттердің тұлға ретінде қалыптасуының басты факторы олардың қоршаған ортада өзін таныта алуы, адамдармен тіл табыса білуі, қоғамдағы бәсекелестікке бейім адамды тәрбиелеудің өзегі саналатын интерактивті әрекет болып табылады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз», - деп атап көрсетті. [1]

Осы бағытта, қазақ халқының ғылыми педагогикасының қалаптасуына, дамуына үлес қосқан ұлы тұлға М. Жұмабаевтың педагогикалық ойлары мен шығармаларының құндылығын зерттеу өзекті болып табылады. Мағжан Жұмабаев – аса көрнекті ақын-жазушы, педагог-ағартушы, тарихшы-түркітанушы, философ, аудармашы, журналист, ірі қоғам қайраткері. Мағжан – ұлтын жанымен сүйген, гуманист ақын.

Тәрбиенің қалыптасуы мен тұлға бойына адамгершілігі жоғары ізгі қасиетті дарытуда жаңа парадигманың жүзеге асуы жаңа заман адамың, тұлға қалыптастырудағы ұлттық тәрбиені енгізу арқылы қол жеткіземіз. ҚР Тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуың, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», - деді. [2]

Яғни, білім беру реформасындағы бетбұрыстар мен жаңаша өзгерістер әлемдік озық технологияны игеру, адыңғы қатарлы елдердің даму дәрежесімен терезе теңестіруде, дүниежүзілік бәсекеге лайық болу білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналады.

Тұлғаны қалыптастыруда, ұлт болашағын ойлайтын ұрпақ тәрбиелеуде қоғам қайраткері М. Жұмабаевтың педагогикалық ойлары мен шығармаларының мәні зор. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеяларын заманауи білім беруде оқу-тәрбие процесінде жүзеге асыру жолдары мен әдіс-тәсілдерінің қарастырылуы білім беру жүйесінің

тәрбиелік тиімділігін арттыра түседі. Мағжан шығармаларының негізінде ұлттың тағдыры жатыр. М. Жұмабаевтың шығармаларындағы тұлғаны тәрбиелеудегі педагогикалық ойларының басты идеясында да Отанды сүю, еліне деген адалдығы шексіз, патриот, өресі биік, тарихи тұлғалар өнегесі жатыр. Себебі, Мағжан шығармаларының қайсысын алсақ та, адамның жан-дүниесін қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің мәні бір-бірімен сабақтасып жатады.

Мағжан Жұмабаевтың келешек ұрпақты тәрбиелеуге, өскелең ұрпақты болашағы үшін туған құнды педагогикалық идеяларының тәрбиелік мәнін терең зерттеу, насихаттау барысында ұлттық тәрбие құндылығын көреміз.

Ұлтының тіліне, асқақ даналығына, адамшылығына сай тәрбиелеу тал бесіктен басталса, зиялы ұлт болуымыз, дұрыс өмір сүруіміз, ұлттық тәрбиеден басталады деген Мағжанның шығармаларында ұлт бостандығы мен оның азаттығын аңсаған, бақытты ел болу негізі сараланады. Мағжан жас ұрпаққа туған елден, туған жерден қымбат ештеңе жоқ екенін білдіріп, тұлғаның жан дүниесінде патриоттық сезімді оятады.

М. Жұмабаев ұлы ойшыл ғалымдардан үлгі ала отырып, өзінің педагогикалық идеялары арқылы, тәрбиенің түрлерін зерделеп, жалпы адам жанын дұрыс тәрбиелеуге бағыттайды. Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы арқылы оның бүкіл саналы өмірін, қазақ ұлтының ар-намысы үшін күресін, ұлттық мінез бен ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы идеясын көреміз. Мысалы:

*Мен жастарға сенемін
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,*

Мен жастарға сенемін! [3; 25] - деп, келешек жастарға үлкен үмітпен қарайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп атап көрсетілген. [4]

Бұл міндетті жүзеге асыруда М. Жұмабаевтың ұстаздық тәжірибесі де, қалдырған еңбектері де педагогика ғылымын дамытуда ерекше мән-ге ие болады.

Сондықтан да, М. Жұмабаевтың әйгілі «Педагогика» кітабы қазақ баласын тәрбиелеуде бүгінгі күнге дейін орны зор еңбек болып табылады. М. Жұмабаев жастарды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуге ерекше мән берген. Бүгінгі таңда, жастарға адамгершілік тәрбие беруде маңызды идеологиялық міндеттің бірі, елін сүюге тәрбиелеу.

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананың қалыптасуына аса ықпалды тәрбие түрлеріне ақыл-ой, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлтара-

лық, қатынас сыйластығы, ізгілік, эстетикалық, еңбек, дене, құқықтық, экономикалық, тағы басқа да тәрбиелерді жатқызуға болады. Ұлттық тәрбиенің тұлға тәрбиесіндегі орны ерекше екендігін Мағжан дәлелді мысалдармен айқындайды.

Психологиядағы «тұлға», «қарым-қатынас», «даму», т.б. категориялар педагогикалық ғылымның негізгі ұғымдары болып табылатынын ескерсек, Мағжан педагогика мен психологияға да ерекше мән береді, ол тәрбиешінің, ата-ананың басты парызы баланың жан дүниесін психикасын, оның дамуы мен өзгеруін жақсы білу керек деп санады.

Бұл мұраның құндылығы туралы зерттеуші М. Базарбаев: «Ең үлкен ғылыми еңбегі «Педагогика». Бұл еңбекті ақын балаларды, жастарды тәрбиелеу ісіне аса қатты мән беріп жазған. Ескі қазақ өмір тұрмысынан, әдет-ғұрпынан нені алуға болады, оны жаңа заман тәртібімен қалай ұштастыру керек, негізгі классикалық педагогиканың қағидаларын қалай қабылдап, бойға сіңіріу қажет деген сияқты мәселелерді Мағжан аса биік зерттеушілік қабілетпен шешеді», - деген пікір айтады. [5]

Осылайша, қоғам қайраткері ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеді. Ақыл тәрбиесіне келсек те, Мағжан өзінің әрбір шығармаларында адамзатты, жас жеткіншектерді, ізгілікке, отансүйгіштікке, намыспен парасатқа, шындыққа, адалдыққа үндеп отырған. Қай шығармасын қарстырсақ та, негізгі түйіні ұлттық тәрбиемен астасып жатады.

Қорыта айтқанда, М. Жұмабаевтың ұстаздық тәжірибесі мен еңбектері педагогика ғылымын дамытуда құндылығы арта түседі. Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын, оның бүкіл саналы өмірі, қазақ ұлтының ар-намысы үшін күресі, ұлттық езгіде қалмауда ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда орасан зор рөл атқарады.

Білім саласындағы жүргізіліп отырған өзгерістер ұлттық саясат және әлемдік білім беру тенденциясының дамуы, сонымен қатар, қоғамның индустриалдық-инновациялық жаңашылдығымен анықталынатын артыруда мемлекеттің дамуының бағыт-бағдарында ұлттық тәрбие құндылықтары айрықша орын алары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдау. 28 ақпан, 2007;
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, №70 (29051) Ю 12 сәуір, 2017;
3. М. Жұмабаев. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Раритет, 2005. – 256 б. - «Алтын қор» кітапханасы;
4. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз №254-256;
5. Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы / Құраст.Ф.Қ. Бектурбекова. - Алматы: Орталық- ғылыми кітапхана, 2001. – 175 бет, суретті. – «Ұлы тұлғалар» Ғылыми-библиографиялық серия.

Мәшһүр-Жүсіптің рухани- адамгершілік тәрбие туралы идеялары

А.К. МЫҢБАЕВА,
Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,
Қ.Ш. МОЛДАСАН

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Ғылым комитеті (Грант № АР08856223) қаржыландырды.

(Мақала «Тұлғаның рухани-адамгершілік сапаларын дамыту мен өзін-өзі дамытуының синергетикалық негіздері және эвтагогика» атты гранттық жобасы аясында қарастырылды).

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) – қазақтың көрнекті ақыны, ойшыл, ғалым, философ, фольклорист, тарихшы, этнограф, шығыстанушы және халық ауыз әдебиетінің үрдісін жалғастырушы. Ол 1858 жылы Қызылтауда Ашамайтас деген жерде қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау аумағында дүниеге келген болатын. Ол кезде әкесі Көпжасар 42 жаста, анасы Ұлбала 18 жаста болды. Азан шақырып қойылған шын аты – *Адамжүсіп* болады. Мәшһүр-Жүсіп Орта жүз Арғыннан тарайтын Бес Мейрам әулетінен, шыққан руы Сүйіндік. 1863–1868 жылы Баянауылда Байжан қазіреттің ұйымдастыруымен ашылған медреседе Нәжмедтин молдадан дәріс алады. 1866 жылы Шорманның Мұсасы Адам Жүсіпке «*Мәшһүр*» қастерлі атау беріп, азан шақырып қойған аты Адам Жүсіп Мәшһүр-Жүсіпке ауыстырылды.

1864 жылы 6 жасында Шөкел ұлы Дүржанбай халфеден білім алып «*Шығыс әдебиетімен*» танысады. Осы кезеңде «*Шар кітабын*» тауысып, араб, парсы тілдерін меңгереді. Зерек, суырып салма ақын, талантты бала өзге балалардан ерекшеленіп, көзге түсе бастайды. 1874 жылдан бастап ұстаздық қызмет атқарады. Мәшһүр-Жүсіп 15 жасына дейін Хамеретдин хазіреттің медресесінде білім алады, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданады. Білімін жалғастыруды арман етіп, 1873 жылдың жазында Түркістан, Ташкент сапарына шығады. Көне қолжазбалар мен әдеби мұра көп оқиды. 1887 жылы 29 жасында екінші рет Бұқар, Ташкент, Түркістанға сапарға шығады. Сөйтіп Орта Азия Шығыс мәдениетін, ғылымы мен білімін игеріп, түркі тілдерін меңгеріп, еркін сөйлеп, жазуды үйренді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірлік мақсаты болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыру болды.

1889-1890 жылдар арасында «*Дала уалаяты*» газетіне жиі мақала жазып отырды. Осы жылдары «*Әңгіме*», «*Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен*», «*Кедейлікке үш қырсық оралады*», «*Күн шықпай ерте тұ-*

рып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар» деген бес өлеңі жарияланды. 1907 жылы Қазан қаласында «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармаларын басып шығарды. 1931 жылы Мәшһүр-Жүсіп дүниеден озды. Ғұлама ақынның өмірі туралы шөбересі Әсет ата айтуымен шәкірті Иманғали Мәнәулы, (құйма құлақ) туралы жиені Қасенғали Жүсіпов, «Қара жәшік» жазбасын араб әрпінен бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Төлепберген ақсақал болды. Мәшһүр-Жүсіп орыс тілін меңгеру арқылы Батыс өркениетінің ғылыми жаңалықтарымен танысып, *тарих, этнология, ауыз әдебиеті, философия, медицина, космология* салаларына бағытталған ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдері оқу, кәсіп меңгеру, ізгілікке ұмтылу, қазақ тілін, рухын, мәдениетін сақтау, имандылықтан бастау алады. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 4-томына енген: «Кедейліктің арқаны», «Өлім алдындағы хал», «Бақ құсы» өлеңдерінің мазмұнына тоқталсақ жастарды сабақ оқуға, еңбек етуге, еріншектікке салынбауға үгіттейді. Сонымен қатар «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге», «Ұқыпты әйел», «Салақтық - дерт», «Күліктің атқамінерлеріне», «Дүниеге жарасады күн менен ай» туындылары жетістікке жету, кемшіліктен құтылу жолдарына итермелейді. Білмей істелген жаңсақ қадамның қауіпті екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ «Кәф пен Нон», «Құдайым жексенбі күн жер жаратты», «Абыраһа мен Мұтылаб», «Мұхаммед пен Әбужаһил», «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені», «Ғалының ниеті», «Ықылас сүресі», «Сүлеймен мен Ібіліс» және «Адам ата мен Шайтан», «Пайғамбардың нұры», «Ораза туралы», «Расулдың өлімі» өлеңдері аңыз әңгімелерге негізделген. Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабын жарық көрді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Тірлікте көп жасағаннан көрген тамашамыз» жинағына енген «Соқыр, саңырау және жалаңаш» өлеңі адам бойындағы жаман қасиеттерден жирендіріп, адамгершілікке, елің, жерін сүюге, өнер-білімге, ұлттық қазынамызды қастерлеуге тәрбиелеу, оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, өзіндік ізденісін дамыту бағытталады. Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдерінің негізгі желісі – рухани оянуға шақыру. Ақынның әлеуметтік-саяси тақырыптарды кең қамтыған күрделі туындысы – жоғарыда тілге тиек болған «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі». Мұнда қазақ халқының қоғамдық ауыр күндегі халіне шолу жасалынады. Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдерінің ішінде «Тапсырдым бір құдайға мен басымды» деп келетін «Анама хат» атты шығармасы мен «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» атты туындысының орны ерекше.

Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің айрықша бір қасиеті – қарапайымдылығында. Оның шығармашылығының түпкі мақсаты – қазақ қоғамының білімдік, дүниетанымдық деңгейін барынша биікке көтеру, оның руханиятына жаңашыл бағыттағы сарындарды орнықтыру, жастарды білімділікке, тәрбиелілікке, өнегелілікке баулу болып табылады. Мәшһүр-Жүсіптің «Бір әйелдің ботасын жоқтағаны», «Бопы төренің қарындасын

жоқтағаны», «Жоқтау өлеңдері», «Жұбату», «Бата үлгілері», «Бақсының сөзі», «Беташар», «Жар-жар», «Жарапазан», «Мысал-аңыз үлгілері», «Қара өлең», «Өтірік өлең» және т.б. жырларының мазмұнынан салт-дүстүрлердің нағыз рухани құндылығын сезінесіз. Мәшһүр Жүсіп: «Жақсы әйел ерге несіп бола қалса, Кім қияр сол қатынның басқан ізін!», - дей отыра «Ұқыпты әйел» деген өлеңінде:

Алған жарың осылай болса керек,

Ғылым, білім, өнерлі болса зерек.

Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе,

Жалғанның азы көбі неге керек! - деп, тұла бойы тұнған үлгілі әйелдің бейнесін орындайды. Жаман әйелдің оның қисапсыз әрекетін бейнелеп берді. Әрине, бұл ата-анаға және ауылына үлкен сын болмақ. Сондықтан да көрегенді аналар қыздарын тұлымды кезінен тәрбиелеген. Мәшһүр-Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді. Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты. Сол қиындық бейнебір өз басынан өтіп жатқандай сезінді:

Болмайды түн күндізсіз, күндіз-түнсіз,

Ай кірсіз деген сөз бар, Құдай мінсіз,

Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,

Бірінен соң бірі бар артық-кемсіз, – деген жолдармен дүниенің бірқалыпты тұрмай өзгеретінін, алдағы жақсы күннен күдер үзбеу керектігін жырлайды, елге демеу, сүйеу болып, басу айтады. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында *адамгершілік, имандылық, әділдік, еңбексүйгіштік, сезім, парызды* сипаттаса, ал кейбірінде адам *жаратылысы, болмысы, жақсылық пен жамандықты* түсіндіреді, ал ендігі бірінде елде *болып жатқан сол кездегі күйді, мұңды* баяндайды. М.Ж. Көпеев өзінің «Бес қымбат» деген өлеңінде:

«Ең әуел керек нәрсе – **иман**» - деген...

«Екінші керек нәрсе – **ғақыл**» - деген...

«Үшінші қымбат нәрсе – **сабыр!**» - деген...

«Төртінші, қымбат нәрсе – **шүкір**» - деген...

«Бесінші, қымбат нәрсе – **әдеп**» - деген...

«Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамшымыз» кітабынан деген өлең жолдарында:

«Сөйлесе жұрт пайдасын білген ерлер,

Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Қалайша Россияның әділдігі,

Мүшелер терімізді малша сойып,

Жіберсін біздің жаққа нағып қиып.

Білгіштер ілфәттасып арыз айтып,

Шығарған манифисті басын жиып.

Қылғаны хакімдердің бізге зорлық,

Низамға тура келмес ісі сиып.

Әділдік, сол кездегі әрбір қазақтың күйін, бейнесін, өмірін, ойын білдірген азаматтардың өмірінің қиындығын, зорлық-зомбылықты сомдаған. Ақынның **«Адам екі түрлі» өлеңінде:**

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,

Жемісінен дүние жүзі баһра алады.

Бір адам бар терек ағашы сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды, - делінген. Мәшһүр Жүсіп-мінез-құлық қасиетіне үлкен мән бере отырып: *«Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң, жүрерсің көрінгенге көзің сүзіп»*, - дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің *«Фибратнама»* өлеңінің астары *адамгершілік пен мейірімділікке* арнап жазылған.

Адамға ұят, иман, сабыр - қазық,

Қанағат, рақым, шапағат өмірге озық.

Ақыл-ой, ар-намыстың күзетшісі

Бұған сенсең кетпейсің жолдан азып.

Бұл өлеңнің мазмұнын ашып айтар болсақ, адам ешқашан жаман болмайды. Адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті жаман бола алады. Адамдардың ішінде мінезі қатып қалғаны да болмайды. Істеген ісі, сөйлеген сөзі тікелей адамның өзіне байланысты немесе өзінің жүріп-тұрып жүрген ортасына да байланысты. Өз ортаңда сыйлы болғың келсе, ең алдымен, *адамгершілікке, мейірімділік пен қайырымдылыққа* жақын бол дейді. Ынтымағымыз бен бірлігіміздің, адамгершілік пен сүйіспеншілігіміздің күшімен одан әрі көтеріп, өзге елдің алдында үлгі болайық, - дейді.

Мәшһүр-Жүсіп «Алланың жұмыр басты пендесі – адам баласының ақыл-парасаты, таным-түйсігінің ұлылығы – адамға жаратушының берген ұлы сыйы» дейді. Адам тәні төрт элементтен тұрады. *«Жел орнында – қан, су орнында – қақырық, от орнында – зерде, топырақ орнында – қарақұрым, міне, дененің ішіндегі төрт ана»* дейді. Ер жігіттің үш жұрты болады: *қайын жұрт, туған жұрт, нағашы жұрт*. Қайын жұрты сынаумен болады, туған жұрты күндеумен болады, нағашы жұрты болсын, толсын деумен болады дейді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы *бауырластық, ортақтастық, мүдделестік* сезімдерін бәрінен жоғары қояды. Адам бойындағы *аңқаулық, көрсеқызарлық, пайдакүнемдікті* – ақылсыздыққа баласа, *ұстамдылық, мінезге байлық, жомарттықты* бағалы қасиеттерге жатқызады.

Сонымен қатар, ақын аптаның әр күніне ерекше сипаттама береді. Мысалы:

Жексенбі күні – денсаулық;

Дүйсенбі күні – бақ-дәулет шалқиды;

Сейсенбі күні – дос өзгереді;

Сәрсенбі күні – пайда;

Бейсенбі күні – дұшпаннан сақтан;

Жұма күні – садақа бер;

Сенбі күні – періштелер көңіл аударады.

Мәшһүр-Жүсіп аптаның әр күніне атау беріп, сол күннің ерекшелігі негі-

зінде имандылық, адамгершілік тәрбиесінің мәнін түсіндіруге тырысады. Мәшһүр-Жүсіп «Баланың білгіш, өнерлі болуына әуелі ата-ананың жақсылығы себеп» дейді. Отбасы тәрбиесі – ата-ананың жас ұрпаққа рухани-адамгершілікті тәрбие беріп, бір-бірімен адал достай сырласып, үлгілі тәрбиесімен ерекшеленіп, жан-дүниесі таза, тек қана жақсылыққа ұмтылып, кез келген адамға көмектесіп, еліне, жеріне қызмет жасауды үйрету. Баланың алғашқы адами құндылықтары әрине, отбасында қалыптасады.

Мәшһүр-Жүсіп адам бойындағы асыл қасиеттерді – *кісіліктің* туындап қалыптасуының құнары ретінде бағалайды. Кісіні қалыптастыру үшін оның адамгершілік қасиеті тереңге жайылып, осы құнардан нәр алатындай дәрежеге жеткізу шарт деген. Рухани кемелдену жолындағы биік шыңға жалпыадамзаттық құндылықтарды бойымыздан жарыққа шығару арқылы жете аламыз. *Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Жарты нан хикаясы», «Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы», «Аңқау адам туралы», «Шайтанның саудасы», «Тырна мен қасқыр»* секілді көптеген көркем мысалдары бар. Ақын өлеңіндегі *иман, зақыл, сабыр, шүкір, әдеп* деп отырғандарының бәрі – адамзат баласын көрікті ететін асыл қасиеттер екені мәлім. Осындай ұлттық қасиеттер арқылы ғана біз ұлттық кодымызды сақтап қалатынымызды ақын өлеңінде тәптіштеп айтып отыр. *Бір – иман, екі – зақыл, үш – сабыр, төрт – шүкір, бес – әдеп* деп бес қымбат деп әрқайсының маңызына ерекше тереңнен толғауы тұнып тұрған ұлттық құндылық. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы бұл құндылықтар ұрпақ тәрбиесінде мәні зор болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалижан У. Мәшһүр-Жүсіп: Зерттеу. – Алматы: Атамұра, 1998. 30 б.
2. Баратов М.Н. Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің жанрлық сипаты. Оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар, 2007.

Заманауи педагогикалық технологиялар және инклюзивті оқыту – өмір қауіпсіздігі

Д. КУБЕСОВА

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балаларға инклюзивті білім беру технологияларын қолданумен таныстыру.

Міндеттері:

- Инклюзивтік білім берудің педагогикалық технологиялары саласындағы педагогтарды арнайы білімдері мен практикалық дағдыларымен таныстыру;

- Мектеп жасына дейінгі балалар үшін инклюзивті білім берудің педагогикалық технологияларын тәжірибеде пайдалануды үйрету;
- Педагогтардың шеберлігін арттыру.

Инклюзивті практиканы жүзеге асыратын педагог қызметінің мақсаты инклюзивті топқа баратын әрбір баланың әлеуетін дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін педагог кәсіптік қызметінде арнайы кәсіби міндеттерді шешеді. Осындай міндеттердің бірі – технологияларды меңгеру, әдістемені, әдістерді, жұмыстарды ұйымдастырудың формаларын, сонымен қатар оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес оларды дұрыс қолдану.

Бұл міндет арнайы балалармен тәжірибе негізінде жүзеге асырылғанын қарастырайық.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың бірінші кезеңінде білім беру процесінің барлық қатысушыларының – балалар, ата-аналар, мұғалімдер, мамандар арасындағы ынтымақтастық технологиясы қолданылады.

Танысу процесінде педагог әр баланың ерекшеліктері мен сипаттамаларын байқай алады. Әрине, сіз алғаш рет кездестіргенде, сіз ең таңғаларлық ерекшеліктерді – мүгедектік арбасындағы бала, сөйлеу қиындықтары бар балаларды көруді немесе есту қиындықтарын көре аласыз. Баланың ұзағырақ байланыста болуын қадағалап, педагог басқа ерекшеліктердің көрінісін байқай алады.

Осылайша, инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы ынтымақтастық технологиясын қолдану білім беру процесіне қатысушылардың – балаларға, мұғалімдерге, мамандарға, ата-аналарға танысу және өзара әрекеттесу негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Арнайы баланы сыныптастарымен араласқанда, мен Сухомлинскийдің гуманистік білім беру технологиясын қолданамын.

Инклюзивтік оқу үрдісін ұйымдастыру үшін технологиялар

Инклюзивтік білім берудің ерекшелігі – педагог топтағы балалардың әртүрлілігін, олардың сипаттамаларын, мүмкіндіктері мен мүдделерін ескереді. Осыған байланысты жұмыс нысандарын, әдістерін және технологияларын өзгерту қажет. Мысалы, егер балалардың ұқсас сипаттамаларға сәйкес топтастырылған болса, жеке ерекшеліктері ескерілуі мүмкін.

Топта білім беру қызметін ұйымдастырудың жалпы ережелері мен әдістеріне сәйкес, инклюзивті топтың тәрбиешісі мінез-құлқына және қарым-қатынасына назар аударатын балаға өзінің жұмысына кірігудің қыр-сырын ескеруі керек. Жиі мұндай тыңдаушы бүкіл топтың қарқынын толығымен табысқа жете алмайды: ол өзіне қол жетімді деңгейде тапсырмаларды орындайды, бірақ тақырыптың мазмұнын меңгеру деңгейінен төмен болады.

Оқу қызметінің қысқаша мазмұнын жасайтын педагог төмендегілерді есте сақтауы және түсінуі керек:

1. Топта жеке жұмыстарды ұйымдастырғанда – карточкадағы тапсырмаларды орындау, ноутбукке жеке тапсырма жасау – арнайы баланың «барлық адамдарға ұқсау» ұмтылуын ескеру қажет. «Математикалық қадамдар» сабағында ауызша есеп беру процесінде педагог ерекше балаға арналған тапсырмаларды қамтиды, бірнеше басқа балалар жеке тәуелсіз тапсырмалары бар карталарды алады. Тапсырманың мазмұны мен нысаны әр баланың материалды дамыту деңгейіне сәйкес келеді. Позитивті білім беру мотивациясын қалыптастыру баланың өздерінің күрделілігі мен көлемін анықтайтын таңдаудың жеке тапсырмаларын орындау арқылы жеңілдетіледі.

2. Өзара оқыту технологиясы балалардың бір-бірінен көп нәрсені үйренуі мүмкін деген болжамға негізделген. Өзара машықтану дағдыларды қайталау арқылы немесе дағдылар мен білімді біріктіру сатысында қажет болған кезде пайдалы. Алғашқы оқу кезеңінде сирек қолданылады. Бұл технология басқа оқыту әдістеріне қосымша болып табылады. Баланы оқытуда және мінез-құлықта қиындықтармен қамту жұптас болуы керек. Алғашында балалар онымен бірге жұппен көрсете алады, оң көзқарасты көрсетіп, көмекке және қолдау көрсетуге дайын. Бұл міндетті түрде үздік бала емес, мұнда басты белгі – адалдық. Дегенмен, мұнда есте сақтау маңызды – басқа баланы қолдау үшін бір баланы пайдалануда өте абай болу керек.

Кез келген адам, тіпті мейірімді бала да, үнемі жауапкершіліктің ауыртпалығынан шаршайды. Сондықтан, «ерекше» бала өзара әрекеттесу саласындағы дағдыларды дамытады, жұппен жұмыс істеу кезінде белсенділіктің алгоритмін қалыптастыру кезінде мұғалім оның құрамын өзгертеді. Сондықтан бүкіл топ біртіндеп ерекше баламен өзара әрекеттесу тәжірибесін алады. Алғашында педагог нәтижелерді өзі емес, келісімді, бірлікті, серіктестік қабілетін және т.б. ескертеді және бекітеді.

Балалардың әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған технологиялар

Инклюзивті білімнің негізгі нәтижелерінің бірі – өмірлік дағдыларды қалыптастыру немесе әлеуметтік құзыреттілік (өзара әрекеттесу дағдылары, өзара көмек, өнімділік және т.б.). Әлеуметтік құзыреттілікті арттыруға бағытталған технологиялардың ішінде үш түрі бар:

- әлеуметтік дағдыларды тікелей оқыту;
- топтық қызметті ұйымдастыру;
- әлеуметтік дағдыларды имитация арқылы қалыптастыру.

Әлеуметтік дағдыларды тікелей оқытумен педагог балаларға ережелер мен мысалдар арқылы дұрыс мінез-құлықты үйретеді. Ережелердің қабылдануы барлық балалар үшін өте маңызды, бірақ олардың жеке тәжірибесіне байланысты саналы болу керек. Балалар майданға немесе топтарға жұмыс жасамас бұрын, мұғалім балалардағы өзара қарым-қатынас ережелерін топта талқылауы мүмкін. Мысалы, «өз кезегінде сөйлес», «бір-біріңді тыңда», «сұрақ қойыңыз, егер бір нәрсе анық болмаса». Балаларды ережелермен келісуге үйрету өте маңыз-

ды, егер жанжалды жағдай болса – әрбір балаға қалай әрекет ету керек, немен айналысуға болады.

Содан кейін арнайы балаларға дәліздер, баспалдақтар, жиһаздар бөлмелері бойынша жүру ережелерін айтады. Бала дайын болғанда, оны сүйемелдеу ұсынылады. Біріншіден, педагог процесті басқарады, сұрақтар қойып, қажеттігін, қалай және не істеу керектігін айтады. Содан кейін ол балаларға клубтың айналасында жүруге мүмкіндік береді. Болашақта, осылайша тәрбиеленетін бала басқа адамдарға үйрене алады.

Педагог баланы тереңдетіп зерттеу жүргізіп, оның тиімді оқытуына алдын ала ұсыныс жасайтын арнаулы мамандарға өтініш жасайды. Ең алдымен педагог жеке білім беру бағытын дамытады. Бұдан басқа, педагогтар мен психологтардың басты мақсаты – баланы әлеуметтік дамытуға және отбасымен жемісті қарым-қатынас жасауға ықпал ететін ең тиімді тәсілдер, технологиялар, нақты әдістер қолданады. Осындай кездесулердің нәтижесі балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауының нақты қадамдарын стратегияны және жоспарлауды, сондай-ақ бүкіл инклюзивті топты анықтау болып табылады.

Инклюзивті білім беру технологиялары арасында баланы әлеуметтендіруге және бейімдеуге көмектесетін технологияларды анықтауға болады. Көбінесе бұл технологиялар педагог пен мамандардың психологиялық-педагогикалық қолдаудағы өзара әрекеттестігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл педагог әрқашан арнайы педагогика мен психология саласында құзыретті болмауына байланысты. Мұндай қарым-қатынастың бірінші кезеңі мұғалімнің маманға сұранымын қалыптастыру және онымен бірге жұмыс жасау болып табылады.

Педагог өз құзыреті шегінде мәселелер бойынша маманға жүгінеді. Бұл ретте, тәрбиеші инклюзивті топтағы қиындықты немесе проблеманы өзі шеше алмайтынын білуі керек.

Сабақта проблеманы тудырған фактілердің жалпы массасынан талдау және оқшаулау маңызды. Сабақта жұмысты ұйымдастыруға бірнеше өзгерістер енгізу әрекеті (мотивацияның басқа әдістерін қолданыңыз, тапсырма көлемін азайтыңыз, картаға тапсырманы орындауды ұсынамыз, баланы ыңғайлы орынға трансплантациялау және т.б.);

Педагогтың осы іс-әрекеттерінен кейін баланың мінез-құлқы өзгергенін ескеріңіз (мысалы, бала анық, қысқа тұжырымдалған тапсырмамен картаға жазбаша тапсырмаларды орындауға қуанышты).

Егер баланың мінез-құлқы өзгермесе, психологқа жүгінеді және т.б. Мамандарға сілтеме жасағанда, баланың мінез-құлқындағы сыныптағы жұмысты ұйымдастыруға нақты кедергі келтіретін нәрсені тұжырымдау маңызды; педагогтың өзі, ата-анасы (олардың сөзімен) қандай әрекеттерді жағдайды өзгертуге тырысты. Бұл технология оқытушының көмегімен түрлі мүмкіндіктері мен мүдделерін бар балаларды оқыту процесінде одан туындайтын проблемаларды шеше алады.

Мен сіздерге инклюзивті тәжірибеде қолданылатын негізгі технологияларды ұсындым. Бірақ бұл толық емес. Мысалы, балалардың ата-

аналарымен қарым-қатынас жасау технологияларын игеру немесе жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін арнайы білім мен ауқымды практикалық тәжірибе қажет. Инклюзивтік практиканы енгізу инновациялық болып табылатындығын түсінеміз, бұл педагогтан маңызды жеке және кәсіби ресурстарды талап етеді. Бұл материал ерекше балаларға оқытатын педагогтар үшін пайдалы болады деп үміттенемін, себебі бұл балалар үшін арнайы білім беру шарттарын жасауы керек, ал педагог бұл жағдайларды жасай алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. С.Ю. Котов. М., 2008. Гайдюкевич С.Е. Инклюзивтік білім берудегі қоршаған орта көзқарасы // Инклюзивті білім беру: мемлекет, проблемалар, болашағы. – Минск: Төрт тоқсан, 2007, с. 34. Дмитриева Т.П., Сабелникова С.И., Hotyleva T.Y. Бастауыш мектептегі мүгедек балаларға арналған жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу. Е.В. Самсоновой. – М., 2012. (Инклюзивті білім беру).

2. Езанова Е.А., Е.В. Резникова. Кешенді оқыту негіздері: жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. – М.: Дрофа, 2008.

3. Инклюзивті білім беру саласындағы орыс және шетел зерттеулер / Ed. B. Рыскина, Е. Самсонова. – М: Форум, 2012.

4. Семаго Н.Я. Мүмкіндіктері шектеулі баланың білім беру бағытын анықтау технологиясы. – М.: 2010. (Инклюзивті білім беру).

5. Митчелл Дэвид. Арнайы және инклюзивті білім беру үшін тиімді педагогикалық технологиялар. – М.: Перспектива, 2011.

Жасөспірімдердің интернет- аддикцияға бейімделу белгілері мен механизмдері

А. ӘБДИ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев ел дамуының «Қазақстан – 2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдық бағыттарының бірі «*Денсаулық, білім және азаматтардың амандығы*» деп көрсетті. Осы орайда оқушылардың қауіпсіздігін бұқаралық ақпарат құралдарынан қамтамасыз ету қажеттілігін сезіне отырып, көптеген зерттеушілер интернетті білім беруге енгізудің теріс жағына назар аударады. Сол себептің бірі – ауытқитын мінез-құлықтың бір түрі ретінде оқушылардың интернет-аддикциясын дамыту болып табылады. Бұл құбылыс жасөспірімдер ортасында кең таралған, себебі бұл жастағы ерекшеліктерге байланысты. Қазіргі уа-

қытта интернет-аддикция мәселесін зерттеудің өзектілігі Қазақстанда және әлемде интернетті пайдаланушылар санының өсуде.

Еуропа аумағында 100 000-нан астам адам осы тектес проблемаларға тап болып отырғанға ұқсайды. Көбі интернет атаулыға түгелдей тәуелді, не болмаса интернетте шамадан тыс уақыт жоғалтып қоятындары да болады. Интернет-аддикция мәселесін зерттеу (аддикция) XX ғасырдың 80-жылдарында Америка Құрама Штаттары мен Батыс Еуропа елдерінде басталды.

Интернет-аддикция феноменін психологиялық зерттеудің негізін қалаушы екі американдық: клиникалық психолог Кимберли Янг және психиатр И. Голдберг. К. Янг 1994 жылы интернет-аддикцияны анықтайтын арнайы сұрақша дайындап, оны веб-сайтта орналастырды. Нәтижесінде 500 анкета толтырылып, оның 400-ін аддиктілер толтырылған. Өткен ғасырдың 90-жылдардың ортасында аддикция құбылысын анықтау үшін И. Голдберг (1996) «Интернет-аддикция» терминін және тәуелділікті анықтауға көмектесетін диагностикалық критерийлер жиынтығын ұсынды. Аддиктология – тәуелділік туралы ғылым – XX ғасырдың аяғында психология, медицина және әлеуметтану сияқты ғылымның тоғысында пайда болды. Аддикцияны жасанды құралдардың (жиі химиялық) көмегімен шындықтан кететін адамның жағдайы ретінде сипаттайды.

«Аддикция» және «тәуелді мінез-құлық» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, адам эмоционалды жағдайын өзгерту арқылы шындықтан жасыруға тырысатындығымен біріктіріледі. Яғни, адамға тәуелді қылық жасау ол өзінің психологиялық жағдайын неғұрлым ыңғайлы жағдайға өзгертуге тырысады, қазіргі проблемаларды біраз уақытқа қалдырады. Ц.П. Короленко Т.А. Донских пен аддикцияның пайда болуының бес кезеңін ажыратады:

1) «Алғашқы тест» – бұл кезең затты қолданумен немесе кез келген әрекетті жүзеге асырумен байланысты жоғары эмоционалды көтерілумен сипатталады. Адам жағымды эмоцияларды бастан кешіреді, бірақ бұл кезең әлі де өзінің мінез-құлқын басқара алады.

2) Екінші кезең «аддикция ырғағы» деп аталады, сол кезде нашақорлықты қолдану ырғағы қалыптасады. Әдетте адам оған күйзеліске жүгінеді, осылайша оның эмоционалды жағдайын жақсартады.

3) Үшінші кезең қазірдің өзінде «тәуелді мінез-құлық» ретінде сипатталады, стресстің әсер ету механизмі бірдей болады, жеке адамның мотивациялық саласында тәуелді қажеттіліктер басым бола бастайды. Адам бұрыннан бар проблемаларды жоққа шығарып, тәуелділікке жүгінуді бақылауды жоғалтады. Қорғаныс тетіктері қосылады, адам сынға жауап бермейді.

4) «Аддиктивті мінез-құлықтың басым болуы» – бұл жеке тұлғаның өзіндік «Мен» жойылған кездегі соңғы кезең. Адам қоғамнан және әдеттегі өмірден алшақтайды. Басқалармен байланыс өте қиын, психикалық бұзылуларға дейін тұлғаның өрескел өзгерістері орын алады. Ал тәуелділіктің нысаны бұдан бұрынғы ләззат әкелмейді және адам азаптан арылу үшін оған жүгінеді.

5) бесінші кезең – «апат», тек жеке адам ғана емес, сонымен бірге организм (созылмалы улану немесе күйзеліс салдарынан) барлық өмірлік ре-

сурстар таусылады. Адам үмітсіздік, әлемнен оқшаулану және жалғыздық жағдайын бастан кешіреді.

1998 жылы М. Орзак интернет-аддикцияға тән келесідей психологиялық және физиологиялық симптомдары бөліп көрсетті:

Психологиялық симптомдар:

- көтеріңкі көңіл-күй және компьютердің алдындағы эйфория сезімі;
- тоқтаудың мүмкін еместігі;
- компьютер алдында өткізілетін уақыт көлемінің артуы;
- жанұя және жолдастарын елемей;
- компьютерден алыс кездерде бос болу сезімі, депрессия, мөлшерден тыс қозу;
- өз қызметі жайлы қызметкерлеріне немесе жанұя мүшелеріне жалған айту;
- жұмыс немесе оқудағы мәселелер.

Физиологиялық симптомдар:

- карпальды канал синдромы (бұлшықеттің ұзақ күйзеліске ұшырау мен байланысты қолдың жүйкелік жолдарының туннельдік жолдарының зақымдануы);
- көз сұйық затының құрғауы;
- бас ауруы;
- омыртқа ауруы;
- уақытында тамақтанбау;
- жеке гигиенаны сақтамау;
- ұйқының бұзылуы.

Ал психолог ғалым К. Янг зерттеулеріне сәйкес қауіпті белгілерге (Интернет-тәуелділігінің нышандары) мыналар жатқызылады:

- электрондық поштаны тексеруге деген бағыттылық;
- келесі он-лайн сеансына алаңдаушылық;
- онлайн уақытын арттыру;
- интернетке төленетін ақшаның артуы деп қарастырды. Сонымен қатар интернет-аддикцияның 5 негізгі түрін сипаттайды:

1. *Киберсексуалды тәуелділік* – порносайттарға кіруге және киберсекспен айналысуға, чаттарда «ересектерге» арналған арнайы телеконференцияларда сексуалды тематиканы талқылау;

2. *Виртуалды танысуларға құмарлық* – жанұямен, достармен реалдық қатынастардың орнына виртуалды кибер қатынастарды қалау;

3. *Желіге деген тым жоғары қажеттілік* – онлайндық азарттық ойындар ойнау, үнемі аукциондарға қатысып сатып алулар жасау;

4. *Тым көп ақпарат қабылдау* (жабысқақ «веб-серфинг») – жүйедегі үнемі саяхаттаулар, ақпаратты мәліметтер базасы және іздеуші сайттарда іздеу;

5. *Компьютерлік тәуелділік* – компьютерлік ойындарға үнемі қатысу (атыс ойындары «Doom», «Quake», «Unreal», «Stan Craft» стратегиясы және т.б.

Ал В.Д. Менделевичтің көрсетуінше, интернет-аддикцияға бейім адамдарда басқа аддикциялардың жасырын формалары көрініс табады:

- ойын аддикциясы «кибераддикцияға» ауысады;
- псевдология, крусодерлілік сияқты киберқатынаста көрініс табатын коммуникативті тәуелділік деп түсіндірген болатын.

Интернет-аддикция құбылысы әр түрлі әрекет-қылықтық тәуелділіктердің қосындысынан тұрады (жұмыс істеу, қарым-қатынас, ойындық қажеттілік). Компьютер мұнда тәуелділік объектісі емес, ал оны жүзеге асырушы құрал болып табылады. Девиантты әрекет-қылықтың басқа формаларының қалыптасуына әсер ететін әрі интернет-аддикциямен байланысты тағы бір аспектіні атап өту дұрыс болады. Бұл қауіппен жасөспірімдер онлайн режимінде кездесуі мүмкін.

- *балалар сөнімділігін пайдалану*: тыйым әрекеттерді орындату мақсатында баланы қызықтыру;

- *деструктивті мазмұнды контент-сайттар*: мысалы, бомба немесе нашақорлық заттарды дайындау бойынша немесе т.б. Ата-аналар баласының қандай сайттарға кіретінін қадағалап, бала әрекетқылығының кез келген өзгерістеріне мұқият болулары керек.

Т.Р. Нұрмұхамбетова: «Аддикция өмірдің басқа салаларына қанағаттанбауды білдіреді. Адамды қоғамдық өмірден басқа белсенділіктен алыстатып, шын өмірді ұмыттырады. Интернет пен компьютерге тәуелді адамдар интернет қолданбайтын адамдардың қасында өздерін мазасыз сезіне бастайды. Қоғамға жабайы тұлға болу көбінесе компьютермен көп уақыт өткізетін балаларда байқалады. Мысалға, мектеп немесе достарының ұйымдастырған саяхат, пикник және әр түрлі іс-шараларға қатыспайтын балалардың ең жақсы досы компьютер болып табылады», - дейді.

Ресей психологтарының мәліметтері бойынша компьютерлік ойын ойнайтын адамдардың 10-14% оған аддикция болады екен. Бұл аддикция кез келген шақта пайда болуы мүмкін, алайда жасөспірімдер оған әлде қайда бейімдірек болып табылады. Себебі жасөспірімдер дара ерекшеліктеріне сәйкес, кез келген жағдайға тез бейімделгіш болып келеді. Бірақ жасөспірім қандай да болмасын іс-әрекетке түрткі арқылы барады, яғни оның белгілі бір ісәрекетке баруына өзіндік мотив әсер етеді.

Қазіргі таңда балалар көңіл көтеруге деген құмарлықты компьютерлік ойындардан алады. Жасөспірімдер мен балаларда қорғанудың психологиялық механизмдері болмайды, психикалық жүйелері күйзеліске ұшырайды, қорқыныш, үрей, ауыр қозулар, түнгі шошулар, жабысқақ күйлер сияқты жағымсыз күйлер пайда болуына әкеледі. Үнемі компьютер алдында отырудан балаларда тамақтану тәртібі бұзылады, олар уақытты сезбей, тәуліктен ұйықтамай жүре алады.

Күн және түн тәртібі толығымен трансформацияланады – жақындар және ата-аналар түсініксіз дене қозғалыстарымен айғай, ойыннан кейінгі тынымсыз ұйқыны байқайды. Бұл жағдайда виртуалды шындық баланың бойын билеп, басқаруды жоғалтады. Ойын тәуелділігі осыған негізделеді: компьютер адамды басқара бастайды. Кішкентай адамның басқа адамдармен қарым-қатынас дағдылары, эмоционалды сферасы ең алдмен ата-ана және құрдастарымен қарым-қатынас, ертегі оқу, қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынас жасау барысында қалыптасады. Виртуалды реалдылық

қоршаған орта туралы шынайы түсінік бермейтіні жайлы әркім де біледі. Егер де жасөспірім келесідей әрекеттер жасайтын болса, ата-ана мен жақындарға көңіл аударған жөн:

- Компьютерден алыстамай ішіп жейді, сабағын оқиды;
- Компьютер қасында түн өткізе бастайды;
- Компьютер алдында отыру үшін мектептен қала бастайды;
- Пәтерге кіре салысымен компьютерге бағытталады;
- Тамақ ішу, тіс тазалау, шашты тарау, киім ауыстыруды ұмытып кетеді (бұдан бұрын ол байқалмаған болатын);
- Компьютер сынып қалған жағдайда қозулы, агрессивті күйде болады, немен айналысарын білмейді;
- Компьютер алдына отыруға тыйым салынса, бопсалап қорқытады.

Қорыта келе интернет-аддикцияның алдын алу үшін интернет тәуелділіктің белгілерін, кезеңдерін, механизмдерін, пайда болуын және жасөспірімнің жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, оның күн тәртібін қадағалап, бос уақытын тиімді өткізуіне мән берілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иванов Д.В. Виртуализация общества. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2000. – 96 с.
2. Кунанбаева М.Н., Токсанбаева Н.К. Влияние интернет-зависимости на психологическое здоровье ученической молодежи // Вестник КазНУ. Сер. психологии и социологии. – 2015. – №1 (52). – С. 98-105
3. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. 2 т. – Шымкент, 2015.

Жасөспірімдердің мазасыздану ерекшеліктері

А. САРКЕНАЕВА

Жасөспірімдерде мазасыздану өзінің сыныптастарымен, ата-аналарымен және бөтен ересектер, мұғалімдермен қарым-қатынаста жоғары айқындалады. Колледж студенттерінің мазасыздануы жан-жақты қарым-қатынаста көрінеді, әсіресе олардың мазасызданулары ата-аналарымен қарым-қатынаста және олар тәуелді болып отырған басқа да ересектермен қарым-қатынаста айқындалады.

Қазіргі кезде эмоциялық тұрақсыздықпен, сенбеушілікпен, жоғары алаңдаушылықпен ерекшеленетін мазасыз балалар саны едәуір көп ұлғайған. Мазасызданудың пайда болуы және орнығуы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Мазасызданудың тұрақты бейнесі, көбіне жеткіншек жас кезеңінде көрініс табады. Ал, оған дейін, бұзы-

лыстардың кең шеңберін өндіруші болып табылады. Эмоция және сезім уайымдау формасында шынайы шындықты көрсетеді. К. Изардтың ұсынған классификациясы бойынша, оның, «дефференциалды эмоция теориясында» эмоцияны фундаменталды және өндірістік деп бөледі. Фундаменталдығына: *қызығушылық-қобалжу, қуаныш, қайғы-уайымдау, таңқалу, ыза, ашу, жиіркену, қорқыныш, ұялу, кінәләу және т.б.* жатады.

В.В. Суворов өзінің «Стрестің психофизиологиясы» атты кітабында, мазасыздануды, ішкі тынышсыздықтың, қалыпсыздықтың психологиялық күйі, ол қорқынышқа қарағанда белгісіз болуы мүмкін және таза субъективті факторларға тәуелді деп анықтайды.

А.М. Прихожан, мазасыздануды – күй және тұлға қасиеті деп бөледі. Ал Ч.Д. Спилбергердің концепциясы психоанализдің әсер етуінде жатыр, ол әлеуметтік фактордың рөлін бағалай алмауда, ата-аналардың балалық шақта, мазасызданудың туындауына әсерін бағалау. Адамдарда әртүрлі практикалық жағдайларда, әртүрлі мазасызданумен, бағадағы айырмашылық, ең алдымен ата-ананың балаға қатынасы және тәжірибенің, балалықтың әсер етуі бейнеленеді. К. Гальдштейннің айтуынша, индивидтің сау бостандығы, ол альтернативтер арасындағы таңдау жасай алып, жаңа қоршаған ортада қиындықтарды жеңу үшін мүмкіндіктерге жету дәлелі.

Дамушы тұлғаның және жанның негізгі мәселесі мазасыздануды тудыратын прототипикалық жағдайлар мынандай:

- *қалаушы объектіні жоғалту.* Мысалы: бала, ажырасқан ата-ана, жақын құрбысын жоғалту және т.б.;

- *махаббатты жоғалту.* Мысалы: махаббатын жоғалту және оған қымбат болып саналатын махаббатты қайта қалпына келтіре алмау;

- *тұлғалығын (өзін) жоғалту.* Мысалы: кастрация қорқынышы, «түрін» жоғалту, ортаға мазақ болу;

- *өзіне деген мазаббатты жою.*

К. Хорни қарым-қатынас бұзылған кезде мазасыздануды төмендету үшін 9 қажеттілікті ұсынады. Ол бұл қажеттіліктерді «невротикалық» деп атаған. Ол мына көрсеткіштер:

1. Махаббатқа және қолдауға невротиалық қажеттілік (басқаларды қанағаттандыруға деген тілек және жоғары сезімталдылық);

2. Бағытталушы жұпқа деген невротиалық қажеттілік (адам махаббаты бағалайды, жалғыз қалудан және жетім болудан қорқады);

3. Өмірдің шеттетілуіне невротиалық қажеттілік;

4. Күшке деген невротиалық қажеттілік;

5. Басқаларды пайдалануға деген невротиалық қажеттілік;

6. Маңыздылыққа деген невротиалық қажеттілік (өзін бағалау бұқараның қабылдау деңгейінде анықталады);

7. Тұлғалық жетістіктерге деген невротиалық қажеттілік;

8. Тәуелсізділікке деген невротиалық қажеттілік;

9. Шынайылыққа және тазалыққа деген невротиалық қажеттілік.

Мағжан Жұмабаев эмоция, ішкі сезімдер түрлері және олардың жағымды, жағымсыздығы туралы дербес тоқталып айта келіп, осы сезімдерді тәрбиелеу қажеттілігіне тоқталады. Бала мазасыздану туралы қорқу сезі-

мінде баса айтады. «Қорқу сезімі – адам жанында бір бақытсыздық күткенде болады», - деп оны терең талдай отырып, «Бала тым қорқақ келеді. Мұның себебі – баланың қиялы тірі һәм денесі әлсіз» - деген тұшымды ой айтады. Алдымен, баланың қорықпауына мән теру керектігі, жасында қорқақ болған баланың ерлік істерге бара алмайтындығымен түйіндейді.

Мазасыздану жалпы мағынасында қауіпті сезінумен байланысты жағымсыз эмоция. Мазасыздану құбылысына тән қауіпті алдын-ала сезіну ерекшелігі, оның басқа эмоциялық құбылыстар арасындағы маңыздылығын көрсетеді. Мұны гештальттерапияның негізін калаушы Ф. Перлз бейнелеп көрсетті. Мазасыздануды эмоциялық күй (жағдайлық мазасыздану) ретінде және үнемі мазасыздық күйге бейімділіктен көрінетін жеке психикалық ерекшелік, тұрақты қасиет ретінде беліп қарастырады.

Психикалық деңгейде мазасыздану күштеу, уайым басу, тынымсыздану невроздық, жалғыздық, шешім қабылдай алмаушылық байқалады.

Физиологиялық деңгейде мазасыздану ерекше реакциялық жағдай. Мазасыздану кезінде жүрек қағысы, тыныс алу жиілеп, қан қысымы көтеріледі, жалпы қозу күшейеді. Кез-келген сферадағы – (тестік тұлға аралық, экологиялық) тұрақты мазасыздануды генерализацияланған мазасыздану деп атау қалыптасқан. Ол адам өміріндегі маңыздылығының өзгеруіне байланысты еркін түрде объект ісін өзгертеді. Мазасыздану қауіпті жағдайда сигнал ретінде, мүмкін болатын қиындықтар мен мақсатқа жетудегі кедергіліктерді жеңу үшін бар күшті жұмылдырып, жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан мазасызданудың қалыпты (оптимальды) деңгейі ақиқат жағдайына нәтижелі бейімделу үшін қажет болып табылады, ал мазасызданудың жоғарғы деңгейі керісінше дезадаптивтік реакция ретінде қарастырылады.

Мазасызданудың себептерін түсінудегі басты мәселелерінің бірі – оның қайнар көзі болып табылатын себебін табу. Қазіргі уақытта тұрақты мазасызданудың себебінің 2 типі айтылып жүр:

Біріншісі, үрейлік күйді жиі бастан кешіру нәтижесінде пайда болған ұзақ мерзімді сыртқы стрестік жағдай (Ю.Л. Ханиң, Ч.Д. Спилберг тағы басқа);

екіншісі ішкі психологиялық жағдай. Осындай әртүрлі себептердің әсерінен мазасызданудың да әр түрлі типтері бола ма? деген сұрақтың қазіргі уақытқа дейін нақты шешімі жоқ. Жасөспірімдік шақта мазасыздану әсіресе қарым-қатынаста байқалады. Сондықтан да жасөспірімдердің достық қарым-қатынасын нығайтуға негізделген психологиялық жаттығулар, тренингтер, іскерлік ойындар және т.б. іс-шаралар сабақтан тыс уақыттар үнемі ұйымдастырып отыру керек. Біз жасөспірімдердің бос уақыттын тиімді ұйымдастыру арқылы олардың мазасыздану жағдайында қолдау көрсете аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. – М., Педагогика, 2014;
2. Морган И.П., Эниксон К.А. Ситуативная тревога и результативность деятельности // Вопросы психологии №3; 1990;
3. Волков Б.С. Психология подростка. – М., 2001.

Болашақ мамандардың өзін-өзі өзектендіру мәселелері

А. КУАНЫШБАЕВА

Нарықтық-экономикалық қатынаста мамандарға қойылатын талаптардың көптігіне орай жоғарғы оқу орнында студенттерге тиімді іс-әрекетті жүзеге асыратын кәсіби білім, дағдыларды берумен қатар жеке өз бетімен оқу қабілетін қалыптастырып, өз күшімен жеке дамуының ішкі потенциалын анықтап оны жетілдіруге үйрету маңызды болып табылады. Тұлғаның онтогенездегі жан-жақты дамуындағы мәнді сұрақтардың бірі өзіндік сананы қалыптастыру мәселесі. Өзіндік сананы құрайтын компоненттер өзіндік бағалау, өзіндік реттелу және өзін-өзі өзектендіру. Олар тұлғалық дамуда ерекше сатыны құрайды. Тұлғаның өзіне, өз қабілеттеріне, іс-әрекет нәтижесіне деген бағалау қатынасы қалыптасу арқылы тұлғаның өзін-өзі өзектендіруіне бір қадам белгісі болып табылады. Осы бағалаушы қатынас өзіне сыни көзқараспен қарау, өз мүмкіндіктерін іс-әрекет нәтижесімен арақатыстыру, қоршағандардың талабымен ғана емес, өзінің меншікті талаптарының деңгейінде әрекет ете алу қабілетіне ие болу жағдайы да маңызды сипаттамалардың бірі.

Өзін-өзі өзектендіру тұлға өмірінде маңызды құрылымдылыққа ие қасиеттердің бірі болып табылады. Батыс Еуропа және американдық психологтар өзін-өзі бағалауды қоршаған ортада бағдарлануды қамтамасыз ететін және өзінің ішкі талаптарын сыртқы жағдайлармен үйлестіретін механизм ретінде қарастырады. Бұл жағдайда әлеуметтік орта адам үшін, оның қажеттіліктері мен ұмтылыстарына қарсы күш ретінде түсіндіріледі. Бұл көзқарасты ұстанушылар З. Фрейд және неофрейдистер К. Хорни, Э. Фромм болды. Аталмыш ғалымдар тұлғаның өзін-өзі бағалауы ішкі қозулар мен сыртқы тыйымдар арасында әрдайым шиеленістер туындатады деп есептеді. Адекватты өзін-өзі бағалаудың болуы мүмкін емес деді. Адекватты өзіндік бағалау арқылы адамның өз жетістіктерін шынайы бағалауы негізінде өнегелік даму жүзеге асады. Жасөспірімдерде өзіндік бағалаудың қалыптасу процесіне оқу іс-әрекетіне берілген бағалау, жеке бастық сапалар, мінез-құлық шешуші рөл атқарады. Тұлғаның өзіндік бағалауын түсіндіруші келесі бағыттардың бірі гуманистік психология. Осы бағыт өкілдерінің пікірінше, өзіндік бағалау тұлғаның мәнін бейнелейді.

Яғни, тұлғаның өзіне эмоциялық-құндылық қатынастарды білдіреді. Бұл бағыт өкілі К. Роджерс пікірінше, «Мен» құрамдастарының арасындағы мән неғұрлым жақындасқан сайын, соғұрлым өзіндік бағалау жоғары болады. Ол өзіндік сана мен өзіндік бағалауды тұлға құрылымында орталық буынға жатқызды. Өзіндік бағалау тұлғаның әлеуметтік ортада бағдарлануын және ішкі талаптар мен сыртқы жағдайлардың келісім-

ділігін қамтамасыз етеді. Тұлғаның психикалық тұтастығының маңызды жағдайларының бірі өзіндік бағалаудағы орамдылық және тәжірибе күшімен бұрын қалыптасқан құндылықтар жүйесін өзгертуге бейімділігі деп есептеді. Жастар тұлғасының қалыптасуының іргетасы оның рухани жан-дүниесі, әлеуметтік жауапкершілігі, өзіндік бағалау деңгейіне байланысты. Тұлғаның өзіндік бағалауын зерттеу маңызды бағыттардың бірі.

Өзіндік бағалау – тұлғаның өзін-өзі басқа адамдар ортасындағы орнын, қасиеттерін, өз мүмкіндіктерін бағалауы. Яғни, өзіндік бағалау – қоршаған ортаның өзгермелі шарттарына тәуелсіз өзіндік ерекшелігінді саналау. Өзін-өзі саналау белгілі бір даму этаптарында өзіндік бағалауға айналады. Өзін-өзі саналау уақытқа сәйкес өзінің даралығынды сезінумен байланысты, кез келген психикасы сау адам өткенін есіне сақтайды, қазіргі кезеңді басынан өткереді, болашаққа үмітпен қарайды. Өзіндік бағалау адамның өз жүріс-тұрысын және іс-әрекетін реттеуге тікелей қатысы бар, тұлғаның белсенді дамуында қалыптасатын және оның ішкі әлемінде өзіндік көрініс табатын орталық компонент, тұлға сипаты, маңызды тұлғалық білім. Тұлғаның жас ерекшелік даму деңгейінің белгілі бір кезеңінен бастап өзіндік бағалау үлкен маңызға ие бола бастайды.

И.С. Кон «Бағаланып отырған қасиет тұлға үшін қаншалықты маңызды болса, өзіндік бағалау процесіне психологиялық қорғаныс механизмдері де қатысады». *Өзіндік бағалау* – еңбектің, танымның және қарым-қатынастың күрделі өнімі. Мұның негізінде тұлға өз мінез-құлығы мен әрекетін, сондай-ақ айналасындағылармен мақсатқа бағытты қатынасын ұйымдастырады.

Кеңестік ғалымдар Л.И. Божович және Л.В. Благонадежина еңбектерінде: «Тұрақты өзін-өзі бағалау баланың психикалық дамуында маңызды рөлге ие. Тұрақты өзін-өзі бағалаудың және талаптану деңгейінің қалыптасуы психикалық даму фактор ретінде ішкі қарама-қайшылықтар туындауына алып келуі мүмкін», - деп көрсетті.

Ғалым И.И. Чеснокова «тұлғаның өзіндік бағалауының негізгі функциясы – мінез-құлық және іс-әрекетті реттеудің қажетті ішкі жағдайы болып табылады. Яғни, өзіндік бағалау өзіндік сана құрылымына енеді» десе, ғалым И.И. Чеснокова «тұлғаның өзіндік бағалауының негізгі функциясы – мінез-құлық және іс-әрекетті реттеудің қажетті ішкі жағдайы болып табылады. Яғни, өзіндік бағалау өзіндік сана құрылымына енеді» деген болатын.

Болашақ мамандардың өзін-өзі өзектендіру немесе кәсіби білікті болу үшін келесі төрт кәсіби-педагогикалық шарт арқылы жүзеге асады:

- **аксиологиялық компонент** – кәсіби-педагогикалық жетілу ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық құндылық ретінде;
- **технологиялық компонент** – педагогикалық іс-әрекет мазмұнын ашады, қарым-қатынасқа деген қажеттілік қанағаттандыру тәсілі, жаңа ақпарат алу, жиналған тәжірибені жеткізу, педагогикалық мәдениет негізі ретінде;
- **эвристикалық компонент** – педагогикалық шығармашылықтың көрінісі ретінде;

- **тұлғалық компонент** – болашақ маманның білікті күші арқылы кәсіби жетістіктерін ашу ретінде. Аталған теориялық мәліметтерге сүйене отырып, оны шығармашылық тұрғыдан талдау арқылы болашақ педагог-психологтың маман ретінде жетілген моделін құруға болады.

Аксиологиялық:

- психологиялық-педагогикалық білімдер;
- педагогикалық ойлаудың жоғарғы деңгейі;
- педагогикалық рефлексияның жоғарғы деңгейі;
- педагогикалық такт;
- педагогикалық импровизация;
- педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылығы;
- педагогикалық этика;

Технологиялық: Педагогикалық технология жиынтығы:

- педагогикалық техникасы;
- педагогикалық студенттің қарым-қатынас технологиясы;
- сабақты ұйымдастыру мен өткізу технологиясы;
- педагогикалық талап технологиясы;
- шиеленістерді шешу технологиясы.

Эвристикалық: Шығармашылықтың кезекті сатылары:

- педагогикалық міндетті шешу үшін педагогикалық жорамалдың пайда болуы;

- жорамалды құрастыру;
- жорамалды әрекет пен қарым-қатынас негізінде жүзеге асыру;
- шығармашылықтың нәтижесін талдау мен бағалау.

Болашақ маманның өзін-өзі өзектендіруі жоғарыда айтылып кеткендей, бұл – тұлғаның өзіндік өмірлік күштерін пайдалану, қолдану процесі, өзіндік жүзеге асыру, өзіндік анықталу және өзіндік мәдениет қалыптасады.

Шетел психологы У. Джеймс ең алғаш өзіндік бағалаудың эмоциялық компонентін ажыратты. Яғни, тұлғаның талаптану дегейімен байланысты өзіндік құрмет. Мұның мәні тұлғаның өзі туралы білімдерінің қалыптасуы оның өзгені тануына тәуелді. Ол «Мен» құрамын үшке бөлді: *рухани «Мен»*, *физикалық «Мен»* және *әлеуметтік «Мен»*. Автордың бөлген «Мен» құрамы өзіндік бағалауда әр түрлі деңгейде көрініс береді. Және тұлға қажеттілігін қанағаттандыруда түрліше функционалднады. Автордың зерттеулерінде өзін-өзі бағалау формасы анықталды. Бұл формула бойынша тұлға жеткен жетістіктер талаптану деңгейімен салыстырылады. М. Мид тұлғаны әлеуметтік өзара әрекеттестік аясында қарастырды. Тұлғаның Мен-тұжырымдамасы жеке даму барысында қалыптасады. Индивидтің өзі туралы түрлі елестетулерінен туындаған бағалау мазмұнының қайнар көзі әлеуметтік мәдени ортасы болып табылады. Мәселен, «жабырқау», «жалқаулық» ұғымдары негативті, ал «ақылды», «батыл» – түсініктері позитивті бағалауға ие.

Мен-тұжырымдамасының тұтастай алғандағы бағыты тұлғаның өзіне деген позитивті қатынасымен, өзін құрметтеумен, өзін қабылдаумен бай-

ланысты. Сонымен, өзіндік бағалау субъективті сипатқа ие. Бірқатар еңбектерде тұлғаның өзін-өзі бағалауы оның әлеуметтік ортаға қосылуы, баланың ересектермен қарым-қатынасына тәуелділігі көрсетілген. өзіндік бағалау тұлғаның өмірлік әрекетінде дамиды, қалыптасатын, белгілі бір құрылымдарға, эмоциялық және когнитивті компоненттерге ие динамикалық жүйе болып табылады. Тұлға дамуында өзіндік бағалаудың маңыздылығын айта отырып, тұлғаның өз мүмкіндіктерін қасиеттерін және ортадағы орнын дұрыс бағалауы өзіне сыни қарауына, талап қоюына, жетістіктері мен сәтсіздіктерін түсінуіне, өзіндік сананың дамуы мен қалыптасуына тәуелді екендігін атап өткен жөн. Табиғаты бойынша өзіндік бағалау әлеуметтік феномен болып табылады. Өзіндік бағалаудың құрылымына *когнитивті, эмоциялық және мінез-құлықтық* компоненттер кіреді. *Когнитивті компонент* – өзін білу, *эмоциялық компонент* – өзіне қатынасы, *мінез-құлықтық компонент* – бұл өзін білу мен өзіне қатынас негізінде өзін реттеу болып табылады. Осы компоненттер негізінде болашақ мамандардың өзін-өзі өзектендіруіне ықпал етуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Маслоу А. Самоактуализация личности и образования /А. Маслоу / Пер. с англ. – К.: Донецк, 1994. - 52 с.
2. Горячева, Е.И. Идея самоактуализации в гуманистической психологии и ее реализация в педагогической практике: автореф. дис. канд. психол. наук Текст. / Е.И. Горячева. – М., 1996. 24 с.
3. Гримак, Л.П. Общение с собой: начала психологии активности Текст. / Л.П. Гримак. – М., 1991. 340 с.

Жазғы демалыс лагерлеріндегі әлеуметтік педагогтың жұмыс бағыттары

Г. НАМАЗБАЕВА

Қазіргі уақытта балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру басты мәселелердің бірі. *Жазғы демалыс лагері – бірінші жағынан* балалардың бос уақытын ұйымдастырудың бір түрі болса, *екінші жағынан* – баланың көркемдік, техникалық, әлеуметтік шығармашылық дамытуға арналған демалыс орны. Жазғы демалыс лагерлері қала сыртындағы, күндізгі, бейінді, спорттық, шатырлы және т.б. болып бөлінеді. Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында жалпы білім беретін мектептерде де жазғы сауықтыру лагерлері жұмыс жасайды. Балалар сауықтыру лагерьлері бүгінде мектептен тыс тәрбие мен

оқытуды қамтамасыз ететін мекемелер болып табылады. Жазғы сауықтыру лагерьлері әлеуметтік жағдайы төмен отбасылары үшін де үлкен экономикалық көмек болып табылады. Жазғы демалыс орындары балалардың ұжымшылдық пен коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Жазғы демалыс лагерлерінің негізгі жұмыс бағыттары: *туристік-өлкетану, мәдени-эстетикалық, спорттық, экологиялық, еңбек қызметі* болып табылады. 1980 жылдырдың ортасында қазақтың ұлттық педагогикалық іргетасының қалануына зор үлес қосқан «Атамекен» бағдарламасының авторы М.Қ. Құрсабаев «Қазақстандағы балалар ұйымдары» мәселелерін қарастырған.

Ал Э. Джилльдің «Мектеп республикасы - Republic of school» атты оқушылар ұжымында тұңғыш қалыптасқан өзін-өзі басқару жүйесінің пайда болуы - әлеуметтік құбылыс екені рас. Ұлыбританияда пайда болған «Скауттар» атты балалар мен жасөспірімдердің бірлестіктері болып табылады. «Скаут» ағылшын тілінде «Scouts» яғни жас барлаушы деген ұғымды білдіреді. Скауттар ұйымы жөнінде орталық басылымдарда мынадай деректер келтіріледі:

«Скаутизм» – балалар мен жасөспірімдер ұйымының негізін құрап, буржуазиялық бағыттағы мектептен тыс тәлім-тәрбие беретін жүйе болып табылады. Скаутизмнің негізгі мақсаты – буржуазиялық қоғамның рухани құндылықтары негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Скауттар заңы бойынша, әрбір адам өзінің тегі мен нәсіліне, әлеуметтік жағдайына қарамай, әрбір адамға қолынан келгенше көмек беруге, бір-біріне дос және жақын болуға даяр тұруы керек. Қазақстан пионер ұйымы тарихын Р.Д. Иржанова, К.Қ. Құнантаева, Н.Б. Абаева, З.Байназаров, Б.Ы. Мұқанова, Н.Л. Татаурова, Е.Р. Қасенов және т.б. ғалымдар қарастырған.

1922-1991 жылдар аралығында сыныптан тыс жұмыстар, оқушылар ұжымындағы өзін-өзі басқару, мектептен тыс мекемелердегі және балалар мен жасөспірімдер ұйымдары мен мекемелеріндегі тәлім-тәрбие жұмыстары негізінен Бүкілодақтық пионер ұйымы бекіткен Ережелер негізінде жүргізілгенін көрсетеді. Балалардың демалысының әртүрлі формалары бар: *ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған, топтық және жеке, ата-аналарымен немесе жалғыз, сауықтыру, санаторлық және бейіндік, қала жағдайында немесе қала сыртындағы демалыс, шетелде немесе ел ішіндегі демалыс орындарында демалу, мәдени тынығу және т. б.*

Бос уақыттың ең қарапайым түрі – **демалыс**. Ағылшын термині «досуг» сөз бе сөз аударғанда «бос болу» деген мағынаны білдіреді. Ежелгі Грецияда бұл термин «қысымсыз еркін іс-әрекет» деген мағынаны білдірген. «Бос уақыт» ұғымына көптеген анықтамалар берілгеніне қарамастан оларға ортақ төменгі анықтама болып есептеледі. Бос уақыт дегеніміз – жұмыстан, оқудан бос уақыттың тек өзіне бағыттала, өз бетінше жұмыс істеуіне, сауықтыру мәселелеріне араласуына мүмкіндік беретін уақыт.

Балалардың бос уақытын өткізу функцияларына: *өзін-өзі тану, өзін-*

-өзі реттеу, компенсаторлық, тәрбиелік, азартушылық, рекреациялық-сауықтыру, терапиялық іс-әрекеттер жатады. Ал бос уақыт педагогикасы принциптеріне: қызығушылық принципі, бірлескен іс-әрекет принципі жатады. Балалардың бос уақыты төмендегідей түрлерге бөлеміз:

- *пассивті* (көру, есту) және *белсенді* (іс-әрекеттік);
- *ұйымдастырылған* (бос уақыт педагогикалық мақсатқа сай ұйымдастыру) және *табиғи* (өздігінен бос уақытты пайдалану процесі);
- *бақыланатын және бақыланбайтын*;
- *жеке және топтық*;
- *еліктеушілік және шығармашылық*;
- *жетістік және нормативтік*. Бұл бағыттар әлеуметтік педагогтың балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қызметіне кіреді.

Әлеуметтік педагог баланың қоғаммен өзара әрекеттесуіне, дамуына, тәрбиесіне, біліміне, мамандық таңдауға, жазғы демалысын ұйымдастыру, әлеуметтік орта қалыптастыруға міндетті.

Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық жұмыс әдістерін бірнеше түрге бөлінеді: *жалпы, топтық, жеке, педагогикалық ықпал ету, психотерапиялық, әлеуметтік диагностикалау, әлеуметтік тәрбиелеу, белсенді оқыту, дағдылану, түзету және т.б.* Жазғы демалыс лагерлерінде тәрбие жұмысы төмендегідей тәрбие бағыттары негізінде жүргізіледі.

Н.И. Никитин әлеуметтік педагог қызметіндегі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет формаларын, құралдары мен әдістерін қарастырды. Жазғы демалыс лагерлеріндегі уақытша топтардың бала психологиясына әсері туралы психолог ғалымдар О.С. Газман, В.Д. Иванов, А.Г. Кирпичник, Ю.Таран қарастырған болатын. Жазғы демалыс лагерлерінде бос уақытты ұйымдастырудың ең көп таралған түрі – ойын.

Ойын – тұлғаның модификациялайтын тиімді әдістердің бірі. Ойын барысында белсенділік артады: адам 10% тыңдайды, 50% көреді, 70% – қайталап айтады, 90% өзі жасайды. Ойында тұлғаның эмоционалды, когнитивті және әрекетшілдік ресурстары қатынасады. Ойынға деген идеяны б.э. дейінгі 3 мыңжылдықтағы «Вей-Хай» қытай ойынынан, ал кейінірек әскери ойындарды білдіретін шахмат ойындарынан көруге болады. Ойын дегеніміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі. Белгілі ғалымдар Г.Л. Шереш, М.И. Рожков, Н.К. Катович жазғы демалыс лагерлеріндегі маусымдық ауысуды үш кезеңге бөледі:

- *Ұйымдастырушылық – диагностикалық кезең*. Жазғы демалыс лагеріне бейімделу, балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, әлеуметтік жағдайларын диагностикалау;

- *Ұзақ мерзімді күрделі кезең.* Іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұнына байланысты қайшылықтар;

- *Қорытынды нәтижелі рефлексия кезеңі.* Бағдар беру, жетістіктерге жету кезеңі деп бөлді. В.И. Даль «**Бос уақыт**» терминінің бірнеше кезеңін сипаттап жазған:

а) уақыттың сипаттамасы (бос немесе жұмыс уақыты), оны өткізу тәсілдері (қыдырыс, қыдыру уақыты және т.б.);

б) әрекет сфералары (бос уақытты өткізушінің мезгілі);

в) әрекеттің өзін (іскерлік, ептілік, іске жарамдылық, шеберлік), белгілі бір мақсатқа жеткізу деп қарастырды.

Ал Э.В. Соколов «Адам белсенділігінің барлығы екі фазадан құралады. Бірінде энергия жұмсалады, ал екіншісінде энергия қалпына келтіріледі». Осы бөлініске қарай шығармашылық фаза (креативті), ал екіншісін қалпына келтіруші фазаны (рекреативті) деп атаған. Бұл фазалар арасында байланыс және тәуелділік байқалатыны сөзсіз. Ғалымның пікірі шығармашылық фазасы көбіне еңбек уақытымен сәйкес келсе рекреативті фаза бос уақытпен сәйкес келеді, ал бос уақыт ұлғайса «барлық сапалы шығармашылық уақыты туындайды»-деген болатын.

И.А. Новикованың зерттеулерінің нәтижесінде, бос уақыт мәселесінің негізіне мынадай жолдарын анықтап, шығарған:

- Бос уақыт негізінде дене әрекеті, эмоционалды және ақыл-ой әрекеті болу керек;

- Бос уақытты өткізу үшін адам белгілі бір әрекет түрін түрткі арқылы таңдап алады;

- Бос уақытты өткізудің әртүрлілігі көптүрлі;

- Бос уақыт, тіршілік әрекетінен тыс уақытта ұйымдастырылады;

- Бос уақыт әрекетін таңдау ерікті түрде өтеді;

- Бос уақыт барлығына бірдей, ол адамдардың мінезіне, жүрістұрысына байланысты өтеді;

- Бос уақыт – арнайы мақсаты бар, байыпты іс;

- Бос уақыт арнайы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған, жеке-кей және топтық болып бөлінеді;

Бос уақыт өткізудің кейбір түрлері тұлғаны жалықтырып жіберуі де мүмкін дейді. «*Демалыс*» - адамның шаршауынан арылуға, күш-қуатын қалыпқа келтіруге, ағзаның тынығуына арналған уақыт. Демалыс уақытын – тынығумен (пассивтік) немесе өзің ұнататын іс пен айналысу, жаттығулар жасау, қарым-қатынас жасау арқылы өткізуге болады. Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтаң, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзін қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, қарым - қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды. *Жазғы демалыс* – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі деп түсіндіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бычковский П.М. Формы воспитательной работы в школе и лагере: игры, конкурсы, викторины / П.М. Бычковский, Л.С. Полякова. – М.: БГУ, 2008. – 359 с.
2. Құрсабаев М.Қ. Тәуелсіз Қазақстандағы балалар ұйымдарының тарихы һәм ұлттық тәрбие: Ғылыми - әдістемелік құрал – Көкшетау, 2006 жыл, 77 б.
3. Педагогическая анимация (в текстах, рисунках и схемах) / Қасен Г.А., Ким М. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 – 83 с.
4. Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық анимация: оқу құралы/ Ұ.Б. Төлешова, М.Д. Мурзагулова, Д.Б. Оспанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 107 б.

Арт-терапия және шығармашылық технологиялар

Ж. РАШЕВА

Арт-технологиялар арт педагогика және арт терапия ұғымдарымен байланысты. «Арт-терапия» – термині (*art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу*) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арт-терапия ауру адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер ету. Арт-терапия өнерге негізделген, өзіндік шығармашылық өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі. Арт-терапия – бұл емдеу ғана емес, сонымен қатар креативтілікті дамыту, бейнелік өнер арқылы дамыту мен емдеудің табиғи және қолайлы әдісі. Алғашында 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданды. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында қолданыла бастады.

«Арт» сөзімен байланысты техникалар, солардың ішінде арт-педагогика да көп жағдайда вербалды емес қарым-қатынастың көрсеткіштері және құралдары болып табылады. *Арт-терапия* – бұл өнерге, ең алдымен бейнелеу және шығармашылық іс-әрекетке негізделген психотерапияның мамандандырылған түрі. Шығармашылық үрдіс басты терапиялық механизм болып табылады, ол айрықша символикалық түрде шиеленіскен жарақаттаушы жағдаяттардан шығуға, оның шешімін табуға мүмкіндік береді. Сурет, ертегі, ойындар арқылы арт-терапия ішкі шиеленістерден және күшті эмоциялардан шығуға, өз сезімдері мен толғаныстарын ұғынуға көмектеседі, өзіндік бағалаудың артуына, босаңсуға, еркінсуге және күштенулерді, қысымды түсіруге мүмкіндік жасайды, шығармашылық қабілеттердің дамуына да игі ықпалын тигізеді. «Терапия» – латын тілінен аударғанда «емдеу» деген ұғымды білдіреді.

Тарихқа сүйенсек арт-терапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевтердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен.

Арт-педагогика – адамды тәрбиелеу мен даму заңдылықтарын өнер құралдарымен зерттейтін педагогикалық ғылымның дербес саласы. Оның педагогикамен мақсаты бірдей – балаға өзін түсінуді үйренуіне және басқа адамдармен бірге өмір сүруге, қоршаған ортаны тануға көмектесу, басқаша айтқанда дамып келе жатқан тұлғаның әлеуметтенуі мен өзін-өзі танытуға көмек беру. Арт-педагогиканың ерекшелігі оның дамыту және тәрбиелеу әлеуетіне ие өнер және көркем-шығармашылық қызмет құралдарын пайдалануда көрінеді. *Арт-педагогика* – педагогика мен өнердің бірігуіне негізделген және өнер арқылы адамның білімі мен даму заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы. Көркемдік педагогика теория мен практиканың дамуымен айналысады, адамдардың көркемдік даму процесінің теориясы мен практикасының дамуын қамтамасыз етеді, өнер мен көркемдік-шығармашылық іс-әрекет арқылы тұлға мәдениетінің негізін құрайды. Көркемдік педагогиканың мәні – өнердің көмегімен тұлғаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту, олардың көркемдік мәдениетінің негізін қалыптастыру және әртүрлі көркемдік іс-әрекеттегі практикалық дағдыларды игеру. Белгілі ғалым Т. Колошин арт-терапияның келесі функцияларын ұсынды:

- *диагностикалық*: сурет-ерекше құжат және өте көп автор туралы ақпарат алуға болады. Сурет арқылы адамның көңіл-күйі жағдайын, ойы мен мақсатын да анықтауға болады.

- *терапиялық*: өнер арқылы емдеу;

- *гуманистік*: рухани-адамгершілік қабілетін дамыту (махаббат, сүйіспеншілік, қуаныш, үйлесімділік және т.б.).

О.М. Корженко, Е.А. Заргарьян арт-педагогика педагогикалық іс-әрекеттің негізгі салаларының бірі деп қарастыра отырып, төмендегідей бағыттарын ұсынды:

- Өнер педагогикасының құралдарын пайдалану (оқыту пәндерінде, сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда, оқушылардың рухани, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуда және т.б.);

- Ішкі сезіну, білім, білік және дағдыларын қалыптастыру;

Оқыту, тәрбиелеу және тұлғаны дамытуда тәрбиелеуге басымдық беру. Арт-терапияда шығармашылық үрдіс басты терапиялық механизм болып табылады, ол айрықша символикалық түрде шиеленіскен жарақаттаушы жағдаяттардан шығуға, оның шешімін табуға мүмкіндік береді. Сурет, ертегі, ойындар арқылы арт-терапия ішкі шиеленістерден және күшті эмоциялардан шығуға, өз сезімдері мен толғаныстарын ұғынуға көмектеседі, өзіндік бағалаудың артуына, босаңсуға, еркінсуге және күштенулерді, қысымды түсіруге мүмкіндік жасайды, шығармашылық қабілеттердің дамуына да игі ықпалын тигізеді. Арт-терапиялық әдістер қорқыныш мәселесімен жұмыс жасауда тиімді. Қорқыныш суретін салғы-

зу тапсырмасының өзі балаларды өз қорқыныштарымен жұмыс жасауға жұмылдырады. Әрине, қорқынышты суреттеу оңайға соқпайды. Балаға бұл тапсырманы орындау үшін бірнеше күндер қажет етіледі. Осылайша, ішкі психологиялық кедергі – қорқыныштың қорқынышы жеңіледі.

Сурет салуға бел байлау – өз қорқынышымен тікелей қақтығысу, онымен бетпе бет жүздесу және оның бейнесін суретке салып бітпегенше мақсатты түрде ерік күшін жұмсап, есте ұстап тұру – жарақаттаушы нәрселердің өздігінен азаюына мүмкіндік береді. Сурет салу үрдісінде қорқыныш объектісі санада қатып қалған психикалық түзілімді көрсетпейді, себебі ол көркемдік бейне ретінде шығармашылық тұрғыда қайта бейнеленеді. Сурет салу кезінде байқалатын қызығушылықтар қорқыныш эмоциясын біртіндеп бәсеңдетіп, оны орындап жатқан тапсырмаға ерік күшімен шоғырлануға және оған қанағаттануға алмастырады. Ж. Богданова «Медитативная арт-терапия. Рисунки на любовь» деген еңбегінде арт-терапия психотерапиялық жұмыстарда өзіндік ерекшеліктерге ие, төменде атап өтілгендей:

1. Жалпы әр адам одан ешқандай шығармашылықты, қасиеттерді және талантты, керемет суретшілікті талап етпейтін, арт-терапиялық жұмыстарға қатыса алады. Әрбір адам бала кезінде сурет салды, жабыстырды және ойнады. Сондықтан да арт-терапия ешқандай шектеуді қолданбайды. Және де белгілі бір заңдылықтарды талап етпейді.

2. Арт-терапия вербальды қатынастын құралы ретінде. Ол жақсы сөйлей білмейтін, өз уаймдарын жеткізуден қиналатын, немесе керісінше өте жақсы сөйлейтін адмарға өтебағалы болып келеді. Символдық сөйлеу бейнелеу өнерінің бір түбірі ретінде көрініс табады. Ол адамның өз ойың, уаймдарын нақты түрде жеткізуге көмектеседі.

3. Графикалық қызмет адамдарды жақындастыратын ең күшті тәсілі болып табылады.

Арт-терапияның ерекшеліктері – *музыкалық терапия, би терапиясы, драма терапиясы, ертегі терапиясы, ойын терапиясы, қуыршақ терапиясы, гүл терапиясы, фото терапия, оригами, этнотерпия, киндер-сюрприз, құм терапиясы, артсинтез терапиясы, библиоте-рапиясы, маска терапиясы* және тағы басқада түрлері бар.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні – «шығару», «іздену», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. «Шығармашылық» ұғымын көптеген ғылымдар қарастырып өткен. Соңғы жылдары шығармашылықты зерттейтін ғылым туралы сұрақтар пайда бола бастады, яғни – эвристика («эврика» – мен таптым), Архимедтің гидростикасының негізгі заңынын ашқан мезетте айтқан сөзі. Шығармашылық – әлеуметтік себеп-шарттан туындайтын қызмет. Шығармашылықтан адамның көптеген психикалық сапалары ашылады, жеке адамның ішкі мазмұны көрініс береді. Шығармашылықтық үдеріс кезінде тұлғаның психикалық әрекеті мейлінше жоғары дәрежеде болады. Бұл әрбір тұлғаның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күшіне жатады. Шығармашылық – адамның барлық рухани әрі дене күшін мейлінше көп жұмсауды қажетсінетін қажырлы ең-

бек болып табылады. Шынайы көріністе шығармашылық әрекет әлеует үшін пайдалы әрі мәнді нәтижеге негізделген болып келеді.

Қазіргі таңдағы оқушының шығармашылық әрекетін педагогикалық және психологиялық тұрғысынан жан – жақты зерттеулер көбеюде. Өйткені, қоғамның тәжірибесі шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, психологиялық – педагогикалық ойлардың осы мәселеге назар аударуына мәжбүр етті. Шығармашылықтан адамның көптеген психикалық сапалары ашылады, жеке адамның мазмұны көрініс береді. Шығармашылық үдеріс кезінде адамның психикалық әрекеті барынша жоғары деңгейде өтеді. Бұл жеке адамның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күшіне жатады. Шығармашылық – ең алдымен, қажырлы да азабы мол еңбек және сонымен бірге адамның барлық дене және рухан күшін барынша жұмсауды қажет ететін шабытты еңбек болып табылады. Сондықтан да студент жастардың бос уақытында арт-терапия және шығармашылық технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасен Г.А. Арт-терапиялық практикум: оқу-әдістемелік құралы/ Г.А. Қасен, Ұ.Б. Төлешова, А. Б. Мукашева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 88б.
2. Бактыбаев Ж.Ш, ТөлешоваҰ.Б., Әбдіқадырқызы Ж. Білім берудегі арт-технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 117 б.
3. Копытин А. И. Арт-терапия в общеобразовательной школе. Методическое пособие. – СПб.: Академия Постдипломного педагогического образования, 2005.

Денешынықтыру сабағының оқушылар психологиясына оң әсері

А. НАУАН

Оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру құралдарына дене жаттығулары, табиғи және гигиеналық факторлар жатады. Дене жаттығулары дегеніміз дене тәрбиесінің заңдылықтары мен мақсатын іске асыруға бағытталған, арнайы ұйымдастырылатын және саналы орындалатын қимыл-әрекеттер. Дене жаттығуларын жіктеуге түрлі көзқарастар бар. Кеңінен тараған тарихи қалыптасқан жіктеменің бірі – тәрбие құралдарының жүйесі. Оның құрамына гимнастика, ойындар, туризм, спорт жатады.

Дене тәрбиесі – тұлғаны жан-жақты үйлесімді қалыптастырып, дамыту процесінің негізгі бір саласы. Себебі, *дене тәрбиесі* тұлға денесінің қалыпты же-

тілуін, денсаулығының нығаюын қамтамасыз етуде, оларды еңбекке, Отанды қорғауға дайындауда аса маңызды қызмет атқарады. Дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтып, оңтайлы қимыл- әрекеттерін қалыптастыратын адамгершілік қасиеттері мен ерік-жігерін жетілдіретін негізгі тәрбие бағытының бірі. *Дене тәрбиесі* – ерік-жігері мықты, тәртіпті, батыл және белсенді, өз Отанның қорғауға лайықты жас ұрпақты ойдағыдай әзірлеуде аса маңызды әлеуметтік міндеттерді атқарады. Дене тәрбиесі жастарда ақыл-ой және еңбек әрекетінде нәтижелі жұмыс істей алатын сапа қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Дене тәрбиесінің мазмұны:

- Денсаулықты нығайту, ағзасын шынықтыру және дененің дұрыс қалыптасып дамуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ету;
- Ақыл-ой және дене күштерін жұмыс істеу қабілеттерін көтеру;
- Дененің негізгі қимыл-қозғалыс сапаларын (күштілік, ептілік, шыдамдылық, шапшаңдылық) қалыптастыру;
- Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;
- Дене шынықтыру және спорт саласында арнаулы білімдер беру;
- Адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу (батылдығы, өжеттігі, қайсалығы, табандылығы, тәртіптілігі, жауапгершілігі, ұжымшылдығы, т.с.с.);
- Дене және спорт ойындарымен үнемі және жүйелі айналысуға қажеттілігін тәрбиелеу;
- Дененің әр қашан сау болуына, сергектікке, өзіне және айналасындағы адамдарға әрқашан қуаныш әкелуге ұмтылысын тәрбиелеу, т.с.с.;
- Ұлттық ойындар игеру және олардың пайда болу және даму тарихымен танысу, әдіс-тәсілдерін білу.

Дене тәрбиесінің жүйесі және басқару – адам ағзасының негізгі қызметінің қалыптасып жетілуі баланың жастық шағында, әсіресе мектеп жасында жүзеге асады. Сондықтан осы кезеңде оған әсер ететін барлық факторларды барынша тиімді пайдалану қажет. Осы орайда жас ағзаның қалыпты дамуына мектептегі дене тәрбиесі мақсатты әрі жан-жақты жағдай туғызады. Бүгінде мектеп қабырғасында дене тәрбиесін ұйымдастыру жүйесіне мыналар:

- Дене шынықтыру сабақтары;
- Факультативті сабақтар;
- Дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары;

Сабақтан және мектептен тыс дене тәрбиесі мен спорттық іс-шаралар (*үйірмелер, спорттық секциялар, жарыстар*) жатады. Білім беру саласында дене тәрбиесін ұйымдастыру жүйесіне дене шынықтыру сабақтары жатады. Ол оқушылардың жан-жақты жалпы дене дайындығын қамтамасыз етуді көздейді.

Дене тәрбиесі жүйесінің негізгі міндеттері:

- Қимыл-қозғалыстың жалпы бір кешенді түрлерін жасауға дағдыландыру;
- Оқушылар әрбір қимыл-қозғалыстың жылдамдығын, ырғақтығын қамтамасыз етіп, оның элементтері жайында түсініктерін қалыптастыру;

Оқушылардың денсаулығын нығайту және дене тәрбиесінің басқа да міндеттерін шешуде дене шынықтыру сабақтарымен қатар, сыныптан тыс дене тәрбиесінің атқаратын қызметтері де ерекше.

Сыныптан тыс дене тәрбиесінің негізгі міндеттері:

- Оқушыларды дене тәрбиесі жұмыстары мен спорттың әр түрі мен айналысуға кең көлемде қатыстыру;
- Спорттың әр түрлі бағыттарында олардың ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау;
- Олардың жалпы дене күштерін жетілдіріп және спортқа даярлығын арттыру және спортқа деген қызығушылығын ояту;
- Оқушылардың дене шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше айналысуын тәрбиелеу;

«Денсаулықты дамытудың басты ұстанымы мықты денсаулықтың болуы емес, сол денсаулық арқылы өзінің миссиясын жүзеге асыру».

Физикалық саулық дегеніміз – адам организміінде функциялардың өздігінен реттелуі, функциялық үрдістердің келісімді өтуі, сыртқы орта әсерлеріне бейімделу қасиеттерінің жоғарғы дәрежелі жағдайда болуы.

Психикалық саулық дегеніміз – ауруды болдырмау, қайтсе де одан арылу «адам өмірінің мақсаты» болуын болжайды.

Әлеуметтік саулық дегеніміз – адамның әлеуметтік белсенділігінің, яғни жеке адамның айналадағы өмірмен біте қайнау дәрежесі.

Дене жаттығуларының әсерінен бұлшық еттерде едәуір өзгерістер болады. Егер де бұлшық еттер ұзақ уақыт қимылсыз күйде тұратын болса, онда олар әлсіздене бастайды, көлемі кішірейеді. Дене жаттығулары, олардың көлемін ұлғайтады, нығаюына ыңғайлайды. Мұнымен қатар бұлшық еттердің өсуі, олардың талшықтар санының көбеюінен, ұзаруынан емес жуандауы әсерінен болмақ. Бұлшық ет созылуы жақсарады, тонусы, қан айналым және бұлшықет қоректенуі жақсарады. Дене жаттығуларымен айналысқан кезде көптеген капиллярлар кеңейіп қана қоймайды, олардың саныда бірден көбейе бастайды. Дене шынықтыруымен, спортпен айналыспайтын адамның жүрек бұлшық еті әр жиырылыс сайын, қолқаға 60 мл шамасындай қан сол қарыншадан лықсып шығарылатын болса, жаттыққан адамда жай тыныштық жағыдайда бір жиырылыстың өзінде қолқаға 90-100 мл қан шығарады. Жаттықпаған адамда жүрек минутына 70 рет жиырылады, ал спортшыларда пульс жиілігі 1 минут ішінде жүрек 50-60 рет жиырылатын болады. Кейбір спортшыларда пульс 40-тан аспай, бір сөзбен айтқанда, жаттыққан адамның жүрегі әр систола сайын қанды көп шығарады, яғни жүрегі үнемі де, ұтымды жұмыс істейді. Дене жаттығулары өкпенің тіршілік сыйымдылығын кеңейтеді, қабырға шеміршектерінің икемділігін жақсартады, тыныс еттерін күшейтеді, олардың тонусын жоғарылатады. Олай болса, мектепте денешынықтыру сабағы арқылы оқушылардың денсаулығын жақсартып, көңіл-күйін көтеру арқылы психологиялық денсаулығын қалыптастыра аламыз. Психологиялық денсаулығы мықты адам физиологиялық ауруға да төтеп берері анық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Майгаранова Ш., Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Екінші басылым. – Алматы. 2016, 145 б.
2. Жубаназарова Н.С., Төлешова Ұ.Б. Денсаулық психологиясы// Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 120 б.

Формирование функциональной грамотности младших школьников в процессе изучения предметов начальной школы

Г. КЕНЖЕБЕКОВА

Модернизация образования обусловлена изменениями, которые происходят в современном обществе. Современному миру требуются люди, умеющие быстро адаптироваться к изменениям, происходящим в постиндустриальном мире. В новых обстоятельствах процесс обучения школьников должен быть ориентирован на развитие компетентностей, которые способствуют реализации концепции «образование через всю жизнь». Одной из предпосылок развития компетентности является наличие определённого уровня функциональной грамотности. Таким образом, одна из важнейших задач современной школы – формирование функционально грамотных людей, которые легко и свободно будут вступать в отношения с внешней средой, быстро адаптироваться и функционировать в ней. Основы функциональной грамотности закладываются именно в начальной школе, где младшие школьники обучаются различным видам речевой деятельности – письму и чтению, говорению и слушанию.

Каждый родитель, отправляя ребёнка в 1 класс, считает, что его ребёнок непременно будет только отличником. Но ведь действительно, около 90% детей, поступающих в 1 класс, с большим удовольствием идут в школу, имея при этом очень высокую учебную мотивацию. Однако с каждым месяцем, с каждым годом учителя отмечают всё больше и больше детей с различными трудностями обучения в начальной школе. От 20% до 60% учащихся начальной школы имеют трудности формирования навыков развития речи, чтения, письма, пересказа, навыков связной устной речи, а у значительной части детей эти трудности сохраняются и при переходе в среднее звено. Что, казалось бы, произошло за несколько месяцев учёбы в школе? Ответ прост. Появление трудностей естественно. Дошкольники не обучены приемам учебной деятельности, поэтому детям нужен индивидуальный подход, усиленное внимание, помощь учителей и родителей, причём помощь своевременная, квалифицированная, систематическая. Успешность обучения каждого ученика зависит от его уровня развития, а недостатки и достоинства, в свою очередь, могут явиться причиной временных трудностей и одновременно определяют пути их преодоления. Выбор методов, форм и приемов, которые используются для преодоления трудностей в обучении, имеет актуальное значение в современном образовании. И наиболее актуально в нашей работе использование стратегий критического мышления, которые позволяют разнообразить работу с учебными текстами, правилами, позволяют применять доступные, действенные приемы, делают учение увлекательным и осмысленным.

Формирование функциональной грамотности у учеников начальных классов обеспечивает подготовку детей к жизни в информационном обществе, способствует проявлению и развитию индивидуальных способностей младших школьников в свободных открытых диалогах, делает их интересными собеседниками во взаимодействии с другими людьми.

С первых дней обучения в школе детей пытаются научить говорить и писать красиво и грамотно. Проблема орфографической зоркости всегда вызывала интерес. Как сделать так, чтобы количество ошибок уменьшилось, а письмо стало чётким, осознанным и грамотным? Этот вопрос волнует учителей начальной школы, учителей русского языка, родителей, а также и самих учеников. Хорошо, когда у ребёнка хорошо развит фонематический слух, он чувствует интуитивно и всегда пишет правильно. Очень часто на таких детей вешают ярлык «одарённый» и считают, что это так называемая «природная грамотность». Но на самом деле ничего природного в этой грамотности нет. Она появляется только у детей, уже научившихся читать и продолжающих читать много, осознанно и с удовольствием. Но ведь именно таких детей единицы. В чем же причина неумелого применения правил? Очевидно в том, что дети не умеют видеть нужную орфограмму, а иногда просто её даже и не замечают. Исследователи показали, что самостоятельно определяют орфограммы от 15 до 45% учеников, а когда изучается данная тема, 70-90%. Как же правильно построить работу по формированию функциональной грамотности младших школьников?

Работу по развитию навыков грамотного письма нужно начинать уже в букварный период на основе разъяснения несоответствия произношения и написания, при составлении слог – звуковых схем.

- Ввести понятие «опасное место», чтобы насторожить детей на появление возможной ошибки.
- Развивать фонематический слух.
- Прививать интерес к чтению.
- Развивать словарный запас детей.

Учителю нужно помнить, что орфографическая зоркость формируется постепенно, в процессе выполнения разнообразных упражнений. Но все упражнения нужно проводить целенаправленно, систематически, только тогда можно добиться положительного результата.

Для выработки орфографической зоркости упражнения можно расположить в определенной последовательности в зависимости от сложности и самостоятельности:

- списывание с доски отдельных слов;
- списывание с доски целых предложений;
- списывание с доски с проговариванием;
- списывание с печатного текста;
- комментированное письмо (учащиеся не просто проговаривают слова и предложения, но и обосновывают правописание правилами, подбирают проверочные слова);
- письмо под диктовку с предварительной подготовкой;
- письмо под диктовку без подготовки;

- письмо по памяти;
- работа по развитию речи;
- творческие работы.

Хорошо развивает орфографическую зоркость игра «Огоньки». На доске написано предложение. Ученики «зажигают» огоньки над изученными орфограммами, прикрепляя красные магниты, а затем записывают предложения в тетрадь и отмечают орфограммы зелёной ручкой.

Но большую эффективность занятиям придают упражнения творческого характера:

- из цепочки изученных букв убрать лишние (все гласные, а две согласные, значит они лишние)
- убрать буквы, обозначающие глухие согласные звуки, и тем самым узнать слово, с которым познакомимся на уроке.
- установите последовательность и составьте слово из предложенных букв;

Таким образом, понимание структуры орфографической зоркости, а также создание условий ее развития позволяют учителю формировать более высокий уровень развития орфографической зоркости у большинства учащихся, что оказывает положительное влияние на грамотное письмо и делает младшего школьника функционально грамотным.

Продуманные творческо-аналитические задания позволяют развивать творческие способности и исследовательские умения учащихся, их воображение и речь, эмоциональную и эстетическую культуру, способствуют процессу формирования функциональной грамотности: умение сформулировать вывод, обосновать свои рассуждения, отстаивать свою точку зрения, дать ответ на проблемный вопрос.

Данная работа дает положительные результаты, если проводится во взаимосвязи со всеми видами речевой деятельности и строится по системе с использованием специальных заданий и упражнений. Добиться большей эффективности обучения помогут: системный подход в обучении, связь с другими предметами, учет индивидуальных особенностей младших школьников, максимальное использование инновационных технологий.

Колледж студенттерінің цифрлық дағдыларын жетілдіру

Ж. КУРМАЛАНОВА

XXI ғасырдың басында компьютер, әртүрлі ұялы байланыс құралдары, ғаламтор және әлеуметтік желілер адамның өмірі мен кәсіби қызметінің маңызды факторларына айналды. Қазіргі уақытта қоршаған әлем кеңінен таралған «цифрлық технологиялар» әсерінен түбегейлі өзгеріске ұшырады, олар қажетті және маңызды байланыс құралы болды, онсыз қоғамның және

білім беру саласының қызметін елестету мүмкін емес. Компьютерлермен, жоғары технологиялық гаджеттермен (сандық камералар, телефондар, GPS-навигаторлар, ойнатқыштар, флэш-дискілер), виджеттермен, гаджеттің бағдарламалық жасақтамасының функционалдығын кеңейтетін бағдарламалық өнімдермен өмірі тығыз байланысты жастар заманауи мектеп қабырғасынан кете бастады. Жас ұрпақтың оларды меңгерудегі мүмкіндіктері орасан зор. Оны меңгеру қысқа мерзімде жүзеге асырылады және бұл үшін оларға нұсқаулар, сипаттамалар мен анықтамалық ақпараттар қажет емес.

Цифрлық сауаттылық адамның жан-жақты қабілетілігі, ақпаратты іздеуі, қолдану білімі. Цифрлық дағды әлеуметтік желілерді, Интернет ақпараттарын, компьютерлік бағдарламаларды тиімді қолдана білу қабілеттілігі. Педагогтардың цифрлық сауаттылығы цифрлық технологияларды күнделікті кәсіби іс-әрекет барысында пайдалану дағдысы, біліктілігі мен іскерлігі.

Цифрлық сауаттылыққа:

- Инновациялық жағдайларға көзқарасы;
- Коммуникативтік біліктілігі;
- Медиасауаттылығы;
- Компьютерлік білімділігі;
- Ақпараттық сауаттылығы және т.б. жатады.

Қазіргі кезеңде гуманитарлық білім беру саласында «цифрлық педагогика», «цифрлық мектеп», «цифрлық мәдениет», «онлайн оқыту», «цифрлық педагог», «профессор онлайн», «цифрлық технология» ұғымдар кездеседі. *Цифрлық педагогика* - бұл педагогикалық процесс. Әр түрлі сандық технологияларды компьютер, гаджет, бағдарламаларды жоғары деңгейде білетін, неғұрлым жоғары сапаны қамтамасыз ететін білім беру қызметтері.

И.В. Сергеев «*Цифрлық педагогика* – оқыту кезінде сандық технологияларды тікелей қолдану» дейді. ХХІ ғасырда біздің басты міндетіміз цифрлық технологияларды білім беру структурасына кеңінен енгізіп, оны пайдалана алатын жас мамандарға кәсіби білім беру болып табылады.

Цифрландыру – бұл тек қана «аналогтік» дәуірді сандық жүйеге өзгерту емес. Білім беруді цифрландыру қарапайым оқулықтардың электрондық копиясын жасаумен немесе оқушыларды жылдам интернетпен қамтамасыз ету ғана емес, яғни онда қалай оқытамын және нені оқытамын деген сұрақтарға жауап та сәйкесінше өзгеруі тиіс. Цифрлық экономика білім беру жүйесінен жеке үдерістерді «сандықтарға» өзгертуді ғана талап етпейді, керісінше жаңа мақсаттар қойып, білім беру процессін құрылымы мен мазмұнын өзгертетін жиынтық тәсілдерді көргісі келеді. Дағды – бұл бірнеше рет қайталау жолымен іс-әрекетті автоматты түрде орындауға дейін жеткізетін іс-әрекет болып табылады. *Дағдыны қалыптастыру* – бұл жаттығуларды орындау арқылы жүзеге асатын процесс.

Федорова О.В. есептеуінше, жаттығулардың арқасында дағдылар қалыптасады және күнделікті іс-әрекетке айналады. Дағдылардың қалыптасқанының көрсеткіші ретінде адамның белгілі бір іс-әрекетті ойланбай, тез арада шешім қабылдап, оны іске асыра алуынан көре аламыз.

Цифрлық дағды – қызметкердің нақты кәсіби қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ету қабілеті ретінде қарастырылады. Цифрлық дағдылардың қалыптасуына әсер ететін факторларды Л.М. Гохберг былай жіктеп қарастырды:

- Мотивация, оқыту, жетілдіру прогресі, жаттығулар, қайталау, түгелдей немесе бөлшектерге бөліп қалыптастыру;
- Операцияның мазмұндық бекітілуі үшін – тұлғалық даму деңгейі, білімнің болуы, қабілеттілік, операцияның мазмұнын түсіндіру тәсілі, кері байланыс;
- Операцияны меңгеру үшін – мазмұнын түсіндірудің ауқымдылығы, бір кезеңнен екінші кезеңге өтудегі көрсеткіштер (автоматтылық, жылдамдық).

Сандық экономикада өмір сүру үшін адам ақпаратты тұтыну мәдениетіне ие болуы және өзінің қажеттіліктері мен осы шығармалардың табиғатын түсіне отырып, әртүрлі медиа туындылары арасында таңдау жасай білуі тиіс. «*Цифрлық сауаттылық*» терминін алғаш рет 1997 жылы Пол Гилстер енгізді.

Оның есептеуінше, цифрлық сауаттылыққа:

1. Ақпараттық сауаттылық;
2. Коммуникативті құзыреттілік;
3. компьютерлік сауаттылық;
4. Креативті құзыреттілік;
5. Медиа-сауаттылық кіреді.

Халықаралық ұйымдар заманауи адамға қажетті құзыреттіліктерді классификациясын жасауға тырысуда. Және цифрлық, ақпараттық, ғылыми сауаттылықтың маңызыдылығын ескеруде. Цифрлық сауаттылықты дамытуда әртүрлі критерийлер бар. Генри Дженкинс «*цифрлық сауаттылық компьютермен жұмысты «темірмен»* жұмыс деп есептеуіміз керек, құрылғының ерекшеліктерін, желілік топтарды және әлеуметтік медианың өзгешеліктерін түсіну арқылы жұмыс жасау деп ұйғарғанымыз жөн. Ресей ғылымында Г.У. Солдатованың цифрлық құзыреттіліктің концепциясы жарық көрді. Цифрлық құзыреттіліктің құрылымы 4 негізгі түрден тұрады:

- *ақпараттық және медиақұзыреттілік* – білім, мотивация, жауапкершіліктің ізденішілікпен, ұйымдастырумен, архивтеумен, критикалық ойлаумен, цифрлық ресурстармен байланысын көрсетеді.
- *коммуникативті құзыреттілік* – білім, мотивация, жауапкершіліктің коммуникацияның түрлі формаларымен (әлеуметтік желілер, блогтар, чаттармен) байланысты.
- *техникалық құзыреттілік* – білім, мотивация, жауапкершіліктің техникалық және бағдарламалық құралдарды компьютерлік желі, бұлттық сервистер арқылы қауіпсіз қолдануға мүмкіндік жасау.

тұтынушылық құзыреттілік – білім, мотивация, жауапкершілік арқылы цифрлық жүйеде орын алып отырған түрлі ситуацияларды шешу болып табылады. «*Цифрлық сауаттылық*» ұғымы әртүрлі адамдар немесе адамдар тобы, соның ішінде ұрпақтар сандық технологиялардың даму деңге-

йіндегі айырмашылық туралы идеяны қамтиды. Цифрлық сауаттылықты зерттеу жинақталған:

- 1) сандық сауаттылықты өлшеу және бағалау әдістемесі;
- 2) ұрпақтар арасындағы цифрлық сауаттылық деңгейіндегі нақты сәйкессіздіктер деңгейін анықтау;
- 3) ұрпақтан басқа факторлардың сандық сауаттылық деңгейіне әсері (жынысы, білім деңгейі мен түрі, әлеуметтік мәртебесі, сандық технологияларға қол жетімділік дәрежесі және т.б.);
- 4) цифрлық сауаттылықтың әр түрлі қызметтегі жетістікке, оқу үлгеріміне, қарым-қатынас сипатына және т.б. әсері.

Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық туралы негізгі пікірталас цифрлық сауаттылық пен цифрлық буын деп аталатын байланыс арасындағы байланысты қарастырады. Бірқатар зерттеушілер цифрлық сауаттылық деңгейі «цифрлық ұрпақ» ішінде жоғары дәрежеде дифференциалданғанын және белгілі бір буынға қарағанда басқа факторларға (білім деңгейі мен түрі, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, сандық технологияларға қол жетімділік және т.б.) байланысты екенін көрсетеді.

Цифрлық технологиялардың қазіргі әлемде кеңінен таралуына, балалар мен жастардың оларды дамытудың барлық кезеңдерінде оларды пайдалануға тартылуының жоғарылауына қатысты жоғарыда айтылған тенденцияны ескере отырып, осы салада көрсетілген артта қалушылық отандық педагогика ғылымы мен практикасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сандық ұрпақ дегеніміз – компьютерлер, ұялы телефондар, бейнекамералар және видео ойындар әлемінде өскендер. Күн сайын олар интернеттен бір нәрсе іздейді, электрондық пошталар мен SMS жібереді. Олар ақпаратты тез қабылдауға үйренген, мәтінмен салыстырғанда графикамен жақсы жұмыс істейді, гипермәтін оларға қарапайым мәтіннен гөрі көбірек жақын. Олар көп мәселелікке ұмтылады, жиі ынталандыруды қажет етеді, байыпты жұмыс жасағаннан гөрі «ойнағанды» жөн көреді, жеке тапсырмаларға қарағанда бірлескен жобалармен жақсы жұмыс істейді.

Цифрлық қоғам – адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін өркениет дамуының заманауи кезеңі.

Оқушыларды цифрландыру туралы айтар болса, зерттеушілер негізгі артықшылықтарды да, кемшіліктерді де анықтайды. Әдетте, ғалымдар гаджеттердің артықшылықтарына балалардағы ұсақ моториканың дамуына, бір уақытта бірнеше түрлі мәселелерді шешуге қабілеттілігін арттыратындығын алға тартады; балалар ертерек жазуды, оқуды, шет тілдерін үйренеді және т.б. Тіпті компьютерлік ойындар қалыпты мөлшерде қолданылса, баланың санасын байытады және оның жеке танымдық механизмдерін жетілдірудің маңызы ерекше деп түсіндіреміз, бірақ компьютерлік ойындарды белгілі бір режиммен қолдану керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Цифровая компетентность подростков и родителей. Результаты всероссийского исследования / Г. У. Солдатова, Т. А. Нестик, Е. И. Рассказова, Е. Ю. Зотова. – М.: Фонд. Развития Фаламтор, 2013. – 144 с.
2. Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. – М.: Университетская книга, 2008. — 224 с.

Оқушыларға мамандық таңдауға арналған психологиялық сабақ

Ш. АНУАРБЕКОВА

Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, классификациялық белгілері мамандық тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта ықыласын қызығушылықтарын арттыру.

Міндеті:

- Мамандық таңдаудың негізгі принциптері мен факторлары туралы түсінік беру;
- Кәсіптік бағдар беру;
- Қабілетің, бейімің қызығушылығың мамандыққа сай тани білуге үйрету.

Кіріспе сөз:

- Сәлеметсіздерме оқушылар, мұғалімдер!

Жүсіпбек Аймауытов айтқандай: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту емес, тамақ асырау емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нарсе», - деген сөзін басшылыққа алу керек.

Мамандық таңдау – адамның жас шағында қабылдайтын ең маңызды шешімдердің бірі. Мамандық таңдауда – әр адам өзінің қабілетіне, бейіміне темпераментіне жүрек қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандық таңдаудың түрі көп. Таңдайтын мамандығың өзіңе қоғамға қажетті әрі қолыңнан келетін, көңіліңнен шығатын жұмыс болуы керек.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан өздерің сияқты жас мемлекет, сондықтан біздің болашағымыз жастар», - деп тегіннен-тегін айтқан жоқ. Елбасының жастарға қоятын талабы – білікті, кәсіби маман болу. Қоғамның дамуында мамандық иелеріне жоғары, кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты өз мамандығы бойынша, біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді.

Болашақта қажет етілетін, сұранысқа ие 10 мамандық иесі.

Мектеп бітіру жақындап араларыңыздағы кейбір оқушылар қай мамандыққа барарын анықтай алмай жүрген де болар. Ендеше, мамандық таңдау сатысында тұрғандар үшін аналитиктердің болашақта ең қажет етіледі деп тапқан 10 мамандығымен таныстырып өтейін.

► Инженерлер – қазірдің өзінде көп елдерде мықты инженерлердің жетіспеушілігі байқалады. Елдің өндіріс пен техника саласында дамуында бұл мамандардың орны ерекше.

► IT саласының мамандары – әрине, бұл саланың адамдары біздің өмірімізге өте көлемді тамырын жайып үлгерді. Бірақ, бұл болашақта IT саласының мамандары көбейеді деген сөз емес. Өйткені, күнделікті өміріміз ақпараттық технологияларға барынша бейімделіп жатқан соң бұл мамандар қанша көп болса сонша жақсы болып тұр.

► Нанотехнология саласының мамандары – әлемдік эксперттердің болжауынша, нанотехнология саласы болашақта ғарыш, машина жасау, тамақ өндірісі, медицина сияқты ірі салаларда үлкен рөл ойнайтын болады. Сондықтан бұл саланы таңдасаңыз өкінбейсіз деп айта аламыз.

► Электроника және биотехнология мамандары – бұл салалардың әлемдік сахнада өзіндік үлкен орны бар. Болашақта жаңа қуат көздері, электроникалық жаңалықтар мен жүйелер, молекулярлық медицинада өз еңбегіңізді сіңіргіңіз келсе аталған мамандық сіз үшін.

► Маркетологтар – жұмыс басқару, бизнес, шаруашылық, тіпті мемлекеттік жүйеге өте қажетті болған, болып жатыр және бола бермек. Болашақта өндіруші мен тұтынушының ортасындағы ортақ көзқарастармен тығыз жұмыс жасап жетістікке жетуде бұл мамандардың ерекше орны болатыны сөзсіз.

► Қызмет көрсету бойынша мамандар – адам баласы күннен күнге көбеюде, елдердің жағдайы жақсаруда. Уақыт өткен сайын қызмет көрсету бойынша сапаның жақсарғаны олар үшін ең басты нәрселерден бірі. Батыс елдері мен АҚШ-тың өмір сүру қалпына қарап оларға деген сұраныстың күн сайын артып жатқанын ұғуға болады.

► Логистер – мемлекетті әлемдік нарықпен интеграция жасауда бұл мамандардың қажеттілігі айқын көрінеді. Өнімдерді шетке шығару мен ішке кіргізуде, халықаралық және ішкі тұтынушылар іздеуді жоғарғы сапада атқаратын мамандар тапшы болғандықтан, дәл қазір әлемдік нарыққа шығудағы «қаза-нымыздың» бір құлағы кем болып тұр.

► Экологтар – қалалар үлкейіп, өндірістер көбейген соң әрине, өте үлкен экологиялық мәселелер пайда болуда. Оларды шешу үшін жоғарғы дәрежелі мамандар қажет-ақ. Үлкен қалалардағы кептелістер, т.б. мен адам өмірінің ұзаруы бойынша экологтардың жоғары үлесі болады деп күтілуде.

► Дәрігерлер – адам адам болғалы, бері ол – ауырады, өміріне қауіп төнеді. Бұл процесс тіршілік біткенше жалғасатыны сөзсіз. Сондықтан дәрігерлерге нан мен суға зар болар күннің ауылы өте алыс десек те болар.

► Химиктер – әрине, мұнай сарқылатын өндіріс көзі болғандықтан, болашақтағы химиктердің негізгі міндеті алтернативті өндіріс пен энергия көздерін табуда болып тұр. Бірақ қазірдің өзінде жақсы химиктеріміз болмағандықтан мұнайды өз ішімізде өндіре алмай отырмыз. Ел болған соң кез келген маман иесі маңызды. Ең бастысы білікті маман болса, ол жерде қалмайды. Сәйке-

сінше, 3 университет бітірсе де, мамандығын жарытпайтындар «Дипломың болса да жұмысқа алмайды» деп жылап жүре береді. Сондықтан өздеріңізге сеніңіздер! Мамандық таңдауда қателеспейіздер.

«Мамандықтың бәрі жақсы»

10 оқушыны ортаға шығарып, олардың қолына бір парақтан беріп, алдында тұрған оқушының арқасына сүйеніп, парақта жазылған мамандық бойынша, сол мамандықтың жақсы жақтары туралы мағлұмат береді. Мысалы: мұғалім, журналист, қаржыгер, филолог, мұнайшы, инженер, геолог, заңгер, кітапханашы, дәрігер.

«Темперамент және мамандық»

Оқушылар мамандық таңдағанда темперамент ерекшеліктерін ескерген жөн.

Холерик – әртіс, дипломат, журналист, хирург, ұшқыш, диспетчер, жүргізуші, тренер, құрылысшы, режиссер, аспазшы, геолог.

Сангвиник – жақсы менеджер, мұғалім, дәрігер, психолог, тәрбиеші, ұйымдастырушы, сатушы, инженер – технолог.

Флегматик – зерттеуші, электрик, инженер, агроном, ғылыми – ботаник, астроном, математик.

Меланхолик – суретші, тігінші модельер, бояушы, сазгер, жазушы, мал дәрігері, агроном, зоотехник, есепші, радиомеханик, т.б. мамандық иесі бола алады.

Адам өз мамандығын таңдау кезінде нені басшылыққа алу керек?

- ▶ Бейімі, қызығушылығы, еңбек түрткісі, ынтасы;
- ▶ Қабілеті, денсаулық жағдайы;
- ▶ Ықылас деңгейімен, өзін-өзі бағалауымен икемі.

«Менің баспалдағым»

Оқушылар алдындағы парақта берілген 7 баспалдаққа өздерінің арман мақсаттарын жазу, кері байланыс алу.

«Менің таңдауым осы»

Ортада тұрған орындықтардың үстіндегі сұрақтарға жауап беруі қажет. Ол сұрақтарға жауап беру үшін сол орындықты таңдап артына тұруы қажет. Өз қалаулары бойынша мамандықты дұрыс таңдай білуге мақсат қоя білуге икемдіктерін қалыптастырады.

- Кім дамыған аймақта жұмыс жасағысы келеді?
- Кім көп ақша тапқысы келеді?
- Кім мемлекеттік мекемеде жұмыс жасағысы келеді?
- Кім мемлекеттік мекемеде жұмыс жасағысы келмейді?
- Кім ата-анасының жолын жалғастырғысы келеді?
- Кім бастық болғысы келеді?
- Кім атақты болғысы келеді?

Рефлексия.

Бүгінгі тренинг сабағымыздан не алдыңыздар? Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз?

Қорытынды: «Мамандықты дұрыс таңдау, ол өмір сәттілігінің негізі» дегендей еліміздің өркендеп, гүлденуіне үлес қосатын мықты маман иесі болыңыздар!

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АНУАРБЕКОВА Шолпан Рыспекқызы – №3 орта мектебінің педагог-психологы. Жамбыл ауданы, Жамбыл облысы.

ӘБДИ Айсұлу Шәйменқызы – Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің педагог-психологы. Жалағаш ауданы, Қызылорда облысы.

ӘРІНОВА Б.А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы.

ЖАРЫҚБАЕВ Қ. – п.ғ.д., психол.ғ.д., профессор. Алматы қаласы.

КЕНЖЕБЕКОВА Гүлмира Кенжебаевна – учитель русского языка и литературы Дубовской общеобразовательной школы. Абайский район, Карагандинская область.

КУАНЫШБАЕВА Айгул Турабатовна – Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің педагогика, психология пәндерінің оқытушысы. Есік қаласы, Алматы облысы.

КУБЕСОВА Динара – №4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы МКҚК меңгерушісі. Алға ауданы, Ақтөбе облысы.

КУРМАЛАКОВА Жанар Жоламановна – Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар және басқару колледжінің физика пәні оқытушысы. Ақтөбе қаласы.

МОЛДАСАН Қ.Ш. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы.

МЫҢБАЕВА А.К. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы. Алматы қаласы.

НАМАЗБАЕВА Гулзира Абдихаликқызы – М. Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің әлеуметтік педагогы. Шардара қаласы, Түркістан облысы.

НАУАН Айбек Жәкенұлы – Амангелді жалпы білім беретін мектебінің денешынықтыру пәні мұғалімі. Амангелді ауданы, Қостанай облысы.

РАШЕВА Жанар Джаксылыкбаевна – Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің педагогика, психология пәндерінің оқытушысы. Есік қаласы, Алматы облысы.

САРКЕНАЕВА Айдана Әбдрахманқызы – Ойыл аграрлық колледжінің психологы. Ойыл ауданы, Ақтөбе облысы.

ТӨЛЕШОВА Ұ.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы.